



№ 5 (79), 2016
Қыркүйек-қазан/September-October

Журнал 2003 жылдың мамыр айынан бастап Париж қаласындағы халықаралық ISSN орталығында тіркелген. ISSN 1727-060X

Журнал зарегистрирован в международном Парижском ISSN центре с мая 2003 года. ISSN 1727-060X

The journal is registered in Paris ISSN international center since May 2003. ISSN 1727-060X

Журнал ҚР Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің мерзімді баспасөз басылымы және ақпараттық агенттігінде тіркелген. Куәлік № 55-97-Ж 18.ІІ.2005 ж.

Журнал зарегистрирован Министерством по инвестициям и развитию РК Комитет связи, информатизации и информации свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания и информационного агентства № 5597-Ж 18. II. 2005 г.

The journal is registered by the Ministry of Investment and Development Committee of the RK communication, information and information about the certificate of registration of a periodical and news agency № 5597-Zh 18. II. 2005.

Түркістан
2016

ҚҰРЫЛТАЙШЫ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редакция алкасы

док., проф. М.Йылдыз (Гази университеті, Анкара).
ф.-мат. ғ. д., проф. У.Әбдібеков (А.Ясауи университеті, Түркістан).
техн. ғ. д., проф. Т.Раимбердиев (А.Ясауи университеті, Түркістан).
ф.ғ.д., проф. К.Ергөбек (А.Ясауи университеті, Түркістан).
док., проф. Т.Қожаоғлы (Мичиган университеті, АҚШ).
ф.ғ.д., проф. А. Ахматалиев (Қырғыз Ұлттық академиясы, Бішкек).
ф.ғ.д., проф. К.Алламбергенов (Әжіняз атындағы пед.институт, Нүкіс).
т.ғ.д., проф. Д. Қыдырәлі (Түркі академиясы президенті, Астана).
ф.ғ.д., проф. Б.Бутанаев (Н.Ф.Катанов атындағы Хакасия мем.университеті, Абакан).
ф.ғ.д., проф. Н.Егоров (Тіл білімі институты, Чебоксары).
ф.ғ.д., проф. М.Х.Идельбаев (Ақмолла атындағы Баиқұрт мем. университеті, Уфа).
ф.ғ.д., проф. В.Илларионов (М.Аммосов атындағы Солтүстік-шығыс федеральді университеті, Якутск).
ф.ғ.д., проф. Д.Кенжетай (Евразия университеті, Астана).
док., проф. Я.Құмарұлы (Гуманитарлық ғылымдар академиясы, Үрімші).
ф.ғ.д., проф. Х.Миннегулов (Қазан федеральді университеті, Казан).
ф.ғ.д., проф. К. Мусаев (РФА Тіл білімі институты, Мәскеу).
т.ғ.д., проф. А.Муминов (Еуразия университеті, Астана).
ф.ғ.д., проф. М. Жұраев (А.Науаи атындағы Тіл және Әдебиет институты, Ташкент).
ф.ғ.д., проф. А.Тыбыкова (Таулы-Алтай мемлекеттік университеті, Таулы Алтай).
ф.ғ.д., проф. М. Улаков (Кабардин-Балкар мемлекеттік университеті, Нальчик).
ф.ғ.д., проф. К. Райхл (Бонн университеті, Бонн).
доц.док. С. Гүндүз (Абант Изет Байсал университеті, Болу).

Бас редактор
Доктор, профессор Мехмет Куталмыш
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан / Қазақстан

Бас редактордың орынбасары
Доктор Орхан Кылычарслан
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан / Қазақстан

OWNER

International K. A. Yassawi Kazakh-Turkish University

Editorial Board

Editor-in-chief
Prof. Dr. Mehmet Kutalmış
International K.A.Yassawi Kazakh-
Turkish University
Turkestan / Kazakhstan

Associated editor
Dr. Orhan Kılıçarslan
International K.A.Yassawi Kazakh-
Turkish University
Turkestan / Kazakhstan

Prof. Dr. M. Yıldız (University of Gazi, Ankara).
Prof. Dr. U. Abdibekov (IKTU, Turkestan).
Prof. Dr. T. Raimberdiev (IKTU, Turkestan).
Prof. Dr. K. Ergobek (IKTU, Turkestan).
Prof. Dr. T. Kocaoğlu (University of Michigan, USA).
Prof. Dr. A. Ahmataliev (Kyrgyz National Academy, Bishkek).
Prof. Dr. K. Allambergenov (Ped. Institut named Azhniyaz, Nukis).
Prof. Dr. D. Qydyrali (President of the Turkic Academy, Astana).
Prof. Dr. B. Butanaev (Khakassia State University named N.F. Katanova, Abakan).
Prof. Dr. N. Egorov (Institute of Linguistics, Cheboksary).
Prof. Dr. M. H. Idelbaev (Bashkir State University named Aknulla, Ufa).
Prof. Dr. V. Illarionov (North-Eastern Federal University M.Ammosov, Yakutsk).
Prof. Dr. D. Kenzhetay (Eurasia University, Astana).
Prof. Dr. Y. Kumaruly (Academy of Sciences, Urimchi).
Prof. Dr. H. Minnegulov (Kazan Federal University, Kazan).
Prof. Dr. E. Musaev (RAS Institute of Linguistic, Moscow).
Prof. Dr. M. Muminov (Eurasia University, Astana).
Prof. Dr. M. Zhuraev (Institute of Language and Literature named A. Navoi, Tashkent).
Prof. Dr. A. Tybykova (Gorno-Altai State University, Gorno-Altai).
Prof. Dr. M. Ulakov (Kabardino-Balkar Research Institute of Language, Lit. and History, Nalchik).
Prof. Dr. K. Reichl (University of Bonn, Bonn).
Doç. Dr. S.Gündüz (University of Abant İzzet Baysal, Bolu).

ҒАЛЫМ ЖОЛЫ



**С.Ж.ҚҰДАСОВ: АРМЯН ЖАЗУЛЫ
ҚЫПШАҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУ
ҚАЗАҚСТАНДА ҒАНА ЕМЕС, ӘРІСІ
ӘЛЕМДІК ТҮРКОЛОГИЯДА, БЕРІСІ
КЕҢЕС ОДАҒЫНДА КЕНЖЕЛЕП
ДАМЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ҒЫЛЫМ
САЛАСЫ.**

Сұхбатты дайындаған: Ж.ТАНАУОВА*

Құдасов Сейсенбай Жолайұлы 1956 жылы 20 қыркүйекте Талдықорған облысы, Қапал ауданы (қазіргі Алматы облысы, Ақсу ауданы), Қызылағаш ауылында туған.

1979 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) филология факультетін қазақ тілі мен әдебиеті бойынша бітіріп, 1984-1987 жж. ҚазССР ҒА Тіл білімі институтының аспирантурасында оқыған.

Университетті бітірген (1979) жылы ҚазССР ҒА Тіл білімі институты жариялаған конкурстан өтіп, жұмысқа қабылданады.

Институт директоры академик Ә. Қайдаров С. Құдасовқа түркологияда аз зерттелген ортағасырлық армян жазулы қыпшақ ескерткіштерін зерттеумен шұғылдануға кеңес беріп, шәкіртін тың тақырыпқа салады. Зерттеу тақырыбына байланысты 1981 жылы Түркология және қазақ тілінің тарихы бөліміне ауысып, орта ғасырлық армян жазулы қыпшақ ескерткіштерін зерттеумен шұғылдана бастайды. Академик І. Кеңесбаев басқаратын бұл бөлімде Ә. Құрышжанұлы, Қ. Өмірәлиев, Б. Әбілқасымов, Ә. Ибатов, Е. Жұбанов, Б. Бафин, Т. Арынов сияқты тіл тарихының бетке ұстар мамандары жұмыс істейтін. С. Құдасовтың қалыптасуына аталған ғалымдардың игі әсерлері мол болғаны анық.

* Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркология ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері, Түркістан-Қазақстан.
International K.A.Yassawi Kazakh-Turkish University. research associate in the Institute of Turkology. Turkistan -Kazakhstan. E-mail: tanjupar_1963@mail.ru

– Ортағасырлық қыпшақ тілі мен жазба мұралары туралы қысқаша шолу жасап берсеңіз?

– Шыңғыс хан дәуіріне дейінгі кезеңде Шығысында Ертістен бастап, Батысында Дунайға дейінгі аралықта қыпшақ тілі халықаралық тіл болғанын сол кездегі жиһангерлер жазып кеткен. Бұл жағдай моңғолдардың шапқыншылығынан кейін де таралу аймағын кеңейтпесе, бұрынғы қалпын бұзбағаны белгілі. Моңғолдар қыпшақтардың саяси үстемдігін жойып, біртұтас болып қалыптасып келе жатқан қыпшақ мемлекетін ыдыратып жібергенімен қыпшақ тілінің үстемдігін жоя алмады, қыпшақ тілдес түркі халықтарының арасына өздері де сіңісіп кетті.

XIII ғасырда қыпшақтар Еуропа елдері мен моңғолдардың ордасы тұрған Қаракорым арасын жалғастырып жатқан “алтын көпір” болғаны аян. Алтын Орда жерін аттап басқан өзге ұлт өкілдеріне қыпшақ тілін білу қажеттігі туындап, олар өздеріне тілмаштар жалдаған. Тіл үйрену үшін сөздіктер мен тілашарлар жасауға мәжбүр болған. Қыпшақ тілдес әлеуметтік ортаға түскен өзге ұлт өкілдері тілдерін ұмытып, қыпшақ тілінде сөйлеуге көшкен. Бұл, әсіресе, Ұлы Жібек жолы бойымен сауда-саттық жасаушы саудагерлерге тән болды. Діндерін ұмытпаулары үшін христиан дінінің канондары мен уағыздарын қыпшақ тіліне аударып, пайдаланып отырды. Іс қағаздары қыпшақ тілінде жүргізілді. Қыпшақ тілі отбасылық қолданыстан бастап, мемлекеттік тіл деңгейінде қызмет атқарды.

Моңғол жаулап алушылығына және соның негізінде пайда болған мемлекеттік құрылымдарға байланысты қыпшақ тілінің қолданылу аясы ұлғайып, Мысыр, Шам, Үнді елдеріне таралады. «Кодекс Куманикус» (XIII-XIV ғ.ғ.), Алтын Орда хандарының жарлықтары мен Мысыр сұлтандарының жазбалары (мәмлүк ескерткіштері), Үнді сұлтанатының жәдігерліктері, Хорезмдегі әдеби шығармалар мен армян-қыпшақтардың түрлі жанрдағы жазба мұралары қыпшақ тілінде хатқа түскен.

- Осылардың ішінде армян жазулы қыпшақ ескерткіштеріне қатысты не айтар едіңіз?

XIV ғасырда қазіргі Украина, Молдова, Румыния жерлеріне қоныс теуіп, қауым (община) болып өмір сүрген, христиан дінінің армян-григориан бұтағын тұтынып, қыпшақ тілінде сөйлеген

этникалық топтың армян әліпбиімен қыпшақ тілінде жазып қалдырған, сипаты жағынан әртүрлі, көлемі мол мұралары – армян жазулы қыпшақ ескерткіштері.

Қыпшақ тілінің XVI-XVII ғасырлардағы сипатынан мол мағлұмат беретін, жазба деректер, негізінен, қазіргі Украинаның Каменец-Подольск, Львов қалаларында армян әліпбиімен қыпшақ тілінде хатқа түсірілген, жазбалар түркітану ғылымында “армян-қыпшақ” ескерткіштері деген шартты атаумен белгілі. Бүгінгі күнге дейін 1519-1689 жылдар аралығын қамтитын 109 қолжазба белгілі болып отыр. Одан бұрынғы кезеңде жазылғандарының әзірше тағдырлары белгісіз. Дегенмен, бұл мол мұраның ерте дәуірінен хабар беретін жазбалардың бір жерлерде сақталып, табылып қалуы да мүмкін. Олай деуіміздің себебі, 1979 жылы Латвияның Орталық мемлекеттік тарихи архивінен Каменец магистратының қыпшақ тіліндегі бір акт кітабы мен Андрей Торосовичтің «Философия тасының құпиясы» (1631) атты шығармасы табылып, Киевке қайтарылғаны белгілі. 2012 жылы Украинаға барған іссапарымызда, Каменец-Подольск Армян войттығы сотының 1572-1663 жылдарды қамтитын қыпшақ тіліндегі 28 акт кітабы мен сақталған Киевтегі Украина мемлекеттік тарихи мұрағатының директоры Иван Кисиль мырзадан Беларуссиядан Каменец сотының тағы бір акт кітабының табылғанын, бірақ оның XIX ғасырда украин тілінде жазылған еңбек екенін білдік. Сондықтан, архив қызметкерлері тарапынан ізденіс жұмыстарының жүйелі түрде жүргізіліп жатқанын айта кеткеніміз жөн.

Армян-қыпшақ ескерткіштері Украинаның Киев, Львов қалаларының мұрағаттары мен музей, кітапханасында, Арменияның Ереван қаласындағы «Матенадаран» көне қолжазбалар кітапханасы қорында, Мәскеу, Санкт-Петербург кітапханаларында, сондай-ақ Польша, Франция, Румыния, Нидерланды, Италия, Австрия елдеріндегі музейлер мен мұрағаттарда, жеке адамдардың қолдарында сақталған.

Бұл мұралар Арменияда емес, негізінен, қазіргі Украинаның Каменец-Подольск, Львов қалаларында жазылған. Матенадаранда сақтаулы “Қыпшақ тілінің грамматикасы”, армянша-қыпшақша сөздіктер, жыл қайыру, діни еңбектер Украина жерінде жазылып, Арменияға кейіннен әкелінген дүниелер.

- Армян-қыпшақтары қай халықтың өкілдері деп ойлайсыз?

- Қыпшақ тілінде сөйлеп, христиан дінінің армян-григориан бұтағын тұтынған, қауым (колония) болып өмір сүрген бұл этникалық

топтың қай халықтың – армяндар әлде қыпшақтар - өкілдері екендігі ғылымда басы ашық қалып келеді. Осы мәселеге байланысты пікірталастарда: «Егер олар қыпшақтар болса, онда христиан дінін қабылдаған күннің өзінде ұлттық, рулық менталитеттерін жоғалтуға не себеп болды? Армяндардың әлемнің жартысын билеген қыпшақтарға діни, саяси әсері ондай дәрежеде бола алмаған, сондықтан олар қыпшақтар емес, Қырымда ассимиляцияланған армяндар» деген пікірлермен қатар, лингвистикалық, яғни тілдік тұрғыдан зерттеушілер тарапынан: «бір халықтың тілін екінші бір халықтың армян-қыпшақтар сияқты терең меңгеруі мүмкін емес, сондықтан олар – қыпшақтар болуы керек» деген пікірлер бар. Бұл мәселе әлі де түбегейлі түрде, жан-жақты – этнолингвистикалық, экстралингвистикалық, тарихи-этнографиялық тұрғыдан зерттеуді қажет етеді.

- Армяндар мен қыпшақтардың байланысы жайында қандай ойларыңыз бар?

- Оңтүстік Кавказға Сыр бойының қыпшақтары Селжүктердің құрамында (XI ғ.) оңтүстік арқылы барған. Ал Шаруханның ұлы Артық хан бастаған Дон өзенінің бойын жайлаған 40000 үйлі қыпшақ (200000-дай адам) Грузин патшасы Давидтің шақыруымен 1118 жылы Дарьял асуы арқылы Қап тауының арғы бетіне өтіп, күйеуге сүйеу болғаны «Давид патшаның тарихы» атты грузин жылнамасында жазылған. Грузияның егемендігін қалпына келтіруді көздеген Давид патша сол кездегі үлкен саяси және әскери күш болған қыпшақтарға арқа сүйеу мақсатында, 1109 жылы армян әйелінен ажырасып Артық ханның қызы Гурандохт/Турандохтқа үйленген болатын. Қыпшақ әскерінің күшімен Давид патша Грузия мен Арменияны селжүктерден тазартып, Арменияны қоластына қаратады. Давид патшаның ұрпақтары да – ұлы Григорий мен Тамар патшайым – әкесінің салған ізімен қыпшақтардан қол үзбей, үнемі байланыста болады. Сол кезеңдерде қыпшақтар толқын-толқын болып Оңтүстік Кавказға өтеді. Сонда тұрып қалған қыпшақтардың бір бөлігі христиан дінін қабылдағандары жайында грузин тарихшылары жазып қалдырған. Тамар патшайымның (1166-1213 жж.) ел билеген кезінде Құтлұ Арслан, Шиабар, Апридон, Құбасар сияқты қыпшақтар билікке араласып, мемлекеттік қызметтерде болады.

Тамар патшайымның әскери қолбасшысы ағайынды әмірсыпасалар Закария мен атабек Иванэ Арменияны селжүктерден азат етуде үлкен еңбек сіңірген. Жаудан босатылған өңірлерден жер

сатып алып, онда қоныстар мен шіркеулер салдырғаны жайында армян тарихшыларының еңбектері мен эпиграфиялық ескерткіштерде нақты деректемелер келтірілген. Солардың ішінде атауын сақтағаны Ғыпчач (1946 жылдан Һарич) ауылы мен 1206 жылы салынған Ғыпчакаванк (ғыпчач+аванг (монастырь) шіркеуі.

Армения Республикасының Түркиямен шектесетін Ширак облысында Артик (Артық) деген аудан бар. Аудан орталығы Артик (қазіргі атауы) қаласының күншығысында 2-2,5 шақырымдай жерде, таудың баурайына қоныс тепкен Қыпшақ деген шағын ауыл бар. Ауылдың атын 1946 жылы Һарич деп ресми түрде өзгерткенімен, жергілікті тұрғындар күні бүгінге дейін бұрынғыша Ғыпчач деп атайтындарын көрдік. Бұл осы жерге қоныс тепкен қыпшақтар жайындағы нақты мысалдың көрінісі. Туф тасынан қаланған монастырьдың қабырғасында әр кезеңде қашалып жазылған жазулардың арасынан қыпшақтар жайында деректер кездесіп отырады. Ең соңғы дерек 1696 жылы жазылған екен. Соның бірінде Хупасарандардан жүзім сатып алынғаны айтылған. Яғни, Артық ханның қосынымен Грузияға келген қыпшақтардың Арменияға да қоныстанғанын көреміз. Бұл ойымызды соңғы жылдары Арменияның Қазақстандағы елшісі болып қызмет атқарған, қазақ-армян халықтарының тарихи-мәдени байланыстары жайында еңбектер жариялап жүрген Э. Хуршудяанның «Хупсаренц» – «Хупсардан шыққандар», яғни әмірсыпасалар болған Кубасардың ұрпақтары деген пікірі дәлелдей түседі.

Грузияда билік басында болған Кубасардың ұрпақтары аталарының атымен аталуын заңды құбылыс, қазаққа тән дүние деп қарасақ, онда ауданның Артық атауын да, кезінде Артық ханмен Дешті Қыпшақтан Грузияға өтіп, бір ғасырдан кейін (әлде ертерек?) Арменияға қоныс тепкен, қолбасшысының атымен аталып жүрген Артық ханның қосынымен байланысты қарауға негіз бар.

XVII ғасырдағы Львовтағы армян интеллигенциясының өкілі, тарихшы Симеон дпир Лехацидің айтуынша, «Львов армяндары армян тілін білмейді, поляк және қыпшақ тілінде, яғни татар тілінде сөйлейді. Айтуларынша жергілікті армяндар бұл жерге Анидан қоныс аударған. Тарихшылардың пікірінше, олар (анилықтар) екі топқа бөлініп, бірі Кафа мен Ақкерманға барған, олардың ұрпақтары қазірге дейін Сулуманастрде тұрады және армянша сөйлейді, ал екінші тобы алдымен Анкурияға (Анкараға) өтіп, сол жақтан Польшаға келген». Украина армяндары мен армян-қыпшақтардың тарихын зерттеуші

Я.Р. Дашкевич те қыпшақ тілдес армяндардың бір бөлігінің Анкарадан келгендіктеріне назар аударады.

Арменияны мекен еткен қыпшақтардың уақыт өте келе Түркияға қоныс аударып, кейіннен Украина жеріндегі армян-қыпшақ қауымдастығының құрамына енулері де әбден мүмкін.

- Армян жазулы қыпшақ ескерткіштерінің сипаты мен жариялануына тоқталсаңыз.

Армян-қыпшақтардың жазба мұралары олардың экономикалық, саяси-әлеуметтік, мәдени өмірінен мол мағлұмат беретін, жанры мен стилі жағынан әр түрлі, көлемі үлкен ескерткіштер. Осы саладағы кейінгі зерттеулерде бұл жазба мұралар алты топқа бөлініп қарастырылып жүр: 1) тарихи жазбалар; 2) құқық кодекстері мен акт құжаттары; 3) филологиялық еңбектер; 4) діни әдебиеттер; 5) көркем шығармалар; 6) жаратылыстану-ғылыми әдебиеттер.

Армян-қыпшақ ескерткіштерін жариялауда Г. Алишан, Ж. Дени, Э. Шютц, Э. Трыарски, И. Вашари, М. Левицкий, Р. Кон, Т.И. Грунин, А.Н. Гаркавец, И. Абдуллин, Я.Р. Дашкевич сияқты ғалымдар көп еңбек сіңірді. Бұл саладағы зерттеулердің библиографиясы Я.Р. Дашкевич, А.Н. Гаркавец еңбектерінде келтірілген.

Армян-қыпшақ ескерткіштерін жариялауда қазақстандық түрколог-ғалым, «Codex Cumanicus» пен армян-қыпшақ ескерткіштерінің үлкен маманы Александр Николаевич Гаркавецтің атқарған қызметі мен еткен ерен еңбегін қыпшақтану саласына қосылған зор үлес деп бағалаймыз. Оның 2002 – 2010 жылдар аралығында «*Кыпчакское письменное наследие*» деген жалпы атаумен жариялаған үш томдық іргелі еңбегі қыпшақтану саласында бұрын-соңды жасалмаған, баға жетпес құнды дүние болып табылады.

2002 жылы Алматыдағы “Дешт-и Қыпшақ” Евразиялық зерттеу орталығынан шыққан «*Кыпчакское письменное наследие. Т.1. Каталог и тексты памятников армянским письмом*» деген атпен көлемі 1084 беттік еңбекте 1519-1628 жылдар аралығында жазылып сақталған 109 қолжазба мен 1618 жылы Львов қаласында қыпшақ тілінде армян жазуымен баспадан басылып шыққан “*Алғыш бітікі*” – христиан діні дұғалары кітабының мәтіндері транскрипцияланып, көпшілігі орыс тіліне аударылып берілген, акт кітаптарының мазмұндалған каталогы мен мәтін үлгілері көрініс тапқан.

Қыпшақ жазба мұраларының екінші томы (2007 ж., көлемі - 912 бет) «*Кыпчакское письменное наследие. Т.2. Памятники духовной культуры караимов, куманов-половцев и армяно-кыпчаков*» деген атпен

жарық көрді. Мұнда, негізінен, діни шығармалар латын әрпімен транскрипцияланып, кейбірі орысшаға аударылған. Қарайымдардың дұғалықтары қарайым тілінде және орысша аудармасымен берілген. «Codex Cumanicus» ескерткішіндегі христиан дінінің уағыздары мен қыпшақ жұмбақтары теріліп алынып, транскрипцияланып, орысша аударылып берілген. Кіріспе мақалада ескерткіштің зерттелуі, шығарма жайында әр кездерде айтылған ғылыми пікірлерге қысқаша шолу жасалған, мәтіннің соңында әдебиеттер көрсетілген. Армян-қыпшақша діни шығармалар, осы шығармаларды түсіндіруге арналған Еревандағы Матенадаран көне қолжазбалар институтында және Львов, Санкт-Петербург, Вена қалаларында сақталған армянша-қыпшақша сөздіктер бір жүйеге түсіріліп, армян сөздері армян әліпбиімен, ал қыпшақ сөздері, оқырманға ұғынықты болу үшін, халықаралық транскрипциямен берілген.

Еңбекте қарайым, құман-қыпшақ және армян-қыпшақ тілдерінде бір жанрдағы материалдардың берілуі - оларды лингвостилистикалық, этнолингвистикалық және лексика-лексикографиялық тұрғыдан өзара және қазіргі заманғы тілдермен салыстыра зерттеуге мүмкіндік берері сөзсіз.

Үш томдықтың соңғысы – 2010 жылы жарияланған көлемі 1802 беттік «Қыпшақ сөздігі». Сөздік – алғашқы екі томдықтағы мәтіндердің лексикасы толық қамтылған бірегей лексикографиялық еңбек.

Бұлардың алдында А.Н. Гаркавецтің жариялауымен 2001 жылы «Армянша-қыпшақша Псалтырь» (1575-1580) екі нұсқасы мен оған арналған армянша-қыпшақша сөздік, 2003 жылы «Армян Төре бітігінің қыпшақ-поляк версиясы және армян-қыпшақ іс жүргізу кодексі» Львов, Каменец-Подольский, 1519-1594 жж.» деген еңбек қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді. (Қазіргі қазақ тілінің нормасына түсірген Ғ. Сапарғалиев).

Бұл еңбектердің құндылығы – әлемнің түкпір-түкпіріне шашылып кеткен, әр кезде, әр елде жарық көргені бар, әлі жарық көрмегені бар қыпшақ жазба мұраларын бір жерге жинақтап, зерттеушілерге екі ғасырға жуық мезгілді қамтыған, түрлі жанрдағы мол материалмен жұмыс істеу мүмкіндігін жасағандығында.

А.Н. Гаркавец жариялаған бұл мұралар қыпшақтану саласына қосылған зор үлес екендігі, сонымен қатар қыпшақтану саласындағы соны ізденістерге, тарихи-салыстырмалы зерттеулерге жол ашатын еңбек екендігі ақиқат.

Надежда Чирли «Алғыш бітігін» түрік тіліне аударып, «Ermeni Kırçakça Dualar Kitabı, ALGIŞ BİTİGİ, Sota Yayınları, Haarlem, Hollanda, (2005) жариялады.

- Ескерткіштер тілінің зерттелу деңгейі туралы не айтар едіңіз?

- Армян-қыпшақ ескерткіштері тіліне қатысты Ж. Дени, Т.И. Грунин, Э.В. Севортян, Дж. Клосон, И. Абдуллиндер тарапынан құнды пікірлер айтылды. Мысалы, академик Э.В. Севортян 1967 жылы Т.И. Грунин жариялаған Каменец магистратының шифры 4386 қолжазба кітабына (1559-1567 жылдар аралығындағы сот жазбалары) жазған алғысөзінде құжаттар тілінің қыпшақ сөйлеу тілінің баға жетпес ескерткіші екеніне баса назар аударып, өзге жанрдағы ескерткіштер тілін армян-қыпшақ әдеби тілінің үлгілері деуге болатынын, бірақ ол үшін зерделі зерттеулер жүргізу қажеттілігін көрсеткен еді.

Зерттеушілердің көпшілігі «Codex Cumanicus» тілінің армян-қыпшақ ескерткіштері тілімен сабақтас, негізі бір екендігін және кейінгісі «СС» тілі мен қазіргі қыпшақ тілдерінің арасын жалғастырып жатқанын айтады. Дегенмен бұлар жарияланған түпнұсқалардың алғысөздері мен кіріспелерінде немесе қысқаша грамматикалық очерктерінде айтылған пікірлер. Армян-қыпшақ ескерткіштері тілінің проблемаларын зерттеуде А.Н. Гаркавецтің монографиялық еңбектерінің қыпшақтану саласында өзіндік орны бар. Ол 1979 жылы жарияланған «Конвергенция армяно-кыпчакского языка к славянским в XVI-XVII вв.» (Киев: Наукова думка) еңбегінде славян тілдерінің қоршауында қолданыста болған қыпшақ (армян-қыпшақ) тілінің конвергенциялануын жан-жақты зерттеген.

Армян-қыпшақ ескерткіштері тілін морфологиялық және графофонетикалық тұрғыдан қарастырған «Кыпчакские языки: куманский и армяно кыпчакский. - Алма-Ата: Наука» (1987) еңбегінде А.Н. Гаркавец таңбалардың әртүрлі позицияларда қолданылуына талдау жасай отырып, ескерткіштер тілінің фонетикалық құрамын анықтайды. Дегенмен, кірме элементтердің дұрыс айтылуын қамтамасыз ету үшін транслитерацияға жүгініп отырғанды жөн көреді. Бұл принципті ғалым өзінің армян-қыпшақ ескерткіштерінің каталогы мен мәтіндерін транскрипциялап берген іргелі еңбегінде пайдаланған.

А.Н. Гаркавецтің «Тюркские языки на Украине. – Киев: Наукова думка» (1988) монографиясы Украинадағы урум тілі мен армян-қыпшақ ескерткіштері тіліндегі етістік категорияларын салыстыра зерттеуге арналған.

Біз 1990 жылы «Дана Хикар сөзінің» тілі» атты еңбегімізде ескерткіш мәтінін қазіргі қазақ тілінің қалпына түсіріп, оның тіліне сипаттама жасадық.

Армян-қыпшақ ескерткіштерінің жарияланған мәтіндері кейінгі кезде Түркия ғалымдары тарапынан да зерттеле бастады. Ескерткіштердің тілдік-мәдени маңызы, грамматикалық кейбір ерекшеліктері туралы проф. Мехмет Куталмыштың, ескерткіштердегі славян тілдерінен енген сөздердің сипаты жайында Надежда Чирлидің, ескерткіштер тілінің лексикасы, «Төре бітікі» тіліндегі терминдердің қолданылуы мен мағынасы, армян-қыпшақ ескерткіштері тілінің морфологиялық, фонетикалық ерекшеліктерін сипаттаған Һүлие Касапоулу Ченгелдің көлемді мақалалары ғылыми басылымдарда жариялануда. Қазақ ғалымдары арасынан ескерткіштер тілінің морфологиялық, кейбір лексикалық ерекшеліктерін зерттеп жүрген Ақтипан Толстой мен Сәуле Төребекованың аттарын атауға болады.

- Сіз ұзақ жылдар бойы осы салада еңбек етіп келесіз. Армян-қыпшақ ескерткіштерінің тілі, қазіргі қыпшақ тілдеріне қатынасы жайындағы ойларыңызбен бөліссеңіз.

- Түрлі жанрларды қамтыған армян-қыпшақ ескерткіштерінің тілі өте бай. Оларда түркі халықтарының мәдени-рухани дүниесіне, материалдық мәдениетіне, қоғамдық-әлеуметтік өміріне, кәсібі мен тұрмыс-салтына қатысты сөздер мен сөз тіркестері кеңінен көрініс тапқан. Бұл тілдік материалдар сотқа келушілердің аузынан тікелей жазылып алынған акт кітаптарының жазбаларында молынан ұшырасады. Баламасы жоқ ұғымдар мен атауларды беру үшін қыпшақ тілінің грамматикалық заңдылығымен жаңа сөздер жасап отырған.

Ескерткіштерде көрініс тапқан тілдік фактілер қыпшақ тілі лексикасының барлық тақырыптық топтарын қамтиды. Негізгі сөздік қорын жалпытүркілік лексика құрайды. Тарихи даму мен сыртқы лингвистикалық әсерлерден сөз мағыналарының кеңеюі және жаңа ұғымдарды беру мақсатында қыпшақ тілінің негізінде жасалған жаңа сөзқолданыс байқалады. Бұл үрдіс кірме сөздерден сөзжасамдық жолмен, яғни жұрнақтар жалғау арқылы жаңа сөз тудыруда да қолданылған.

Ескерткіштер тілінде сол дәуірге тән түрлі құбылыстар мен заттар атауы, халықтың наным-сенімінен, мәдениетінен хабар беретін сөздер молынан қамтылған, қыпшақ тіліндегі баламасы жоқ болғандықтан түпнұсқа тілден қабылданған кірме атаулар да бар. Сөздік құрамда төл сөздермен қатар кірме сөздердің қамтылуы барлық

тілдерге тән құбылыс болып есептеледі. Белгілі бір тілдің лексикасын зерттеуде халық өмір кешкен табиғи жағдайларды, халықтың негізгі кәсібін, шаруашылық, үй-тұрмыс ерекшеліктерін, қоғамдық-саяси құрылымын, халықтың көне наным-сенім ерекшеліктерін айқындап-нақтылауды өзіне мақсат етіп қоюға болады.

Ескерткіштер тілінің негізгі сөздік қоры қазіргі қыпшақ және басқа да түркі тілдеріне ортақ сөздер, яғни жалпытүркілік сипаттағы сөздерден тұрады. Көне дәуірлерден жеткен түркілік сөздердің үлкен бір тобы, қазіргі түркі тілдерінің өзіндік жүйесін құрайтын фонетикалық өзгерістерге ұшырағанымен, негізгі тұлғалары мен лексикалық мағыналарын сақтағанын көреміз. Жазба дереккөздерге сүйене отырып, көне түркіден бастап, кейінгі дәуір ескерткіштері тілінен көрініс тапқан бұл сөздердің тілдің даму нәтижесінде фонетикалық, семантикалық, тұлғалық өзгеріске түсу процесін белгілі дәрежеде бағамдауға болады. Жалпытүркілік сөздік қор – қазіргі түркі тілдеріне ұйытқы болған, олардың одан әрі дамуына негіз болған ортақ қазына.

XVI-XVII ғасырларды қамтитын бұл мол мұраның тілін қазіргі түркі, оның ішінде қыпшақ тілдерімен тарихи-генетикалық сабақтастық, диахрониялық тұрғысынан зерттеу, ареалдық белгілерін айқындау сияқты өзекті мәселелерге ғалымдар назарын аударуымыз қажет.

Әр тілдің өзіндік даму процесі барысында өзгерістерге ұшырап отыруы заңды құбылыс, оның үстіне салыстырылып отырған тілдердің арасын жүздеген жылдардың бөліп жатқаны тағы бар. Қалай болғанда да өз дәуірінде Еуразияның апайтөс даласында, Дунайдан Алтайға дейінгі аралықта халықаралық тіл қызметін атқарған қыпшақ тілінің аймақтық ерекшеліктері болғанымен, олардың негізі бір, тілдік құбылыстары ортақтығын және қазіргі қыпшақ тілдерімен генетикалық сабақтастығын тағдыр тәлкегімен түрлі дәуірлерде, түрлі әліпбилермен хатталып жеткен жазба дүниелерге жан-жақты, тиянақты зерттеулер жүргізу нәтижесінде нақтылап, айқындауға қол жеткізуге болады.

Жалпытүркілік сөздердің армян-қыпшақ ескерткіштері тілінде ауыспалы мағынада қолданулары және бұрыннан бар сөздің негізінде жасалған туынды сөздер арқылы жаңа ұғымдар мен атауларды берулері бұл жәдігерліктер тілінің өзіндік сипатты ерекшелігі болып табылады.

Ерекшелігі – ұзақ уақыт өзге (славян) жүйедегі тілдердің қоршауында болғандықтан, сөйлемнің құрылысы бұзылып, сөздердің

орын тәртібі өзгеріске ұшырағандығы. Армян жазулы қыпшақ ескерткіштері тілінің өзіндік морфологиялық ерекшеліктерін сөз еткенде туыс емес тілдердің қоршауында екі ғасыр бойы тірлік кешкен тілдің өзге жүйедегі тілдік ортада конвергенциялану процесі де есте болғаны жөн.

- Ескерткіштер тілі бойынша қазір қандай бағыттарда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет деп ойлайсыз?

Бүгінгі күнге дейінгі армян-қыпшақ ескерткіштерінің жариялануы мен зерттелу деңгейін ескере отырып, алда уақытта аталған басылымдарды түпнұсқаларымен салыстыра отырып, мынандай бағыттарда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді қолға алуымыз керек:

- түркология мен арменистикадағы еңбектерге және осы саладағы жаңа бағыттағы зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып, ескерткіштер тіліне графофонетикалық талдау жүргізу арқылы фонетикалық жүйесін саралау, ескерткіштер тілін қазіргі қыпшақ тілдерінің дыбыстық жүйесімен салыстыру;

- ескерткіштер тілі мен қыпшақ тілдеріндегі ортақ сөздік қорды, түбірлердің семантикасын диахрондық және синхрондық тұрғыдан анықтау; негізгі түбірлердің дамуындағы тұлға мен мазмұн үйлесімділігін құрылымдық-жүйелілік, тарихи-салыстырмалы, антропоцентристік парадигмалар жүйесінде ұштастыра отырып бағалау; ескерткіштің сөздік қорын құрылымдық модельдер бойынша нақтылау;

- армян-қыпшақ ескерткіштері тілінің грамматикалық құрылымын толық ғылыми тұрғыдан сипаттау;

- армян-қыпшақ ескерткіштері тілінің фономорфологиялық ерекшеліктерін зерттеу; қосымшалардың ерекшеліктері мен ұқсастықтарын диахрониялық даму тұрғысынан зерделеу.

- армян-қыпшақ ескерткіштері тілінің сөздік құрамын құрылымдық модельдері бойынша нақтылау;

- армян-қыпшақ ескерткіштері тілінің орта ғасырлық қыпшақ ескерткіштері тіліне және қазіргі түркі тілдеріне, оның ішінде қазақтың жалпыхалықтық тілі мен әдеби тіліне қатысын анықтау;

- ескерткіштердің лексикалық құрамы, сөздік қоры, сөз тіркестері, диалектілік негіздері туралы іргелі зерттеулер жүргізу;

- осындай мол жазба мұра қалдырған этникалық топтың этногенезі туралы да ғалымдар арасында пікір алалығы аяқталмағандықтан, бұл проблемамен де түбегейлі айналысу.

Араб әліпбиімен жазылған мұраларды оқып, түсінетін білікті мамандар қазір біршама болғанымен, көне готика, көне армян, сына жазулармен Еуропа, Кавказ аумағында жазылып, біздің заманымызға жеткен жәдігерлерді зерттейтін мамандар жоқтың қасы. Сондықтан осы салалар бойынша мамандар даярлау қажет деп білемін.

- Сұхбатыңызға рахмет!

ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІ

Монография, кітаптар, көмекші оқу құралы:

1. Армян жазулы қыпшақ ескерткіші «Дана Хикар сөзінің» тілі. Монография. – Алматы: «Ғылым», 1990 (7,41 б/т.). – 120 б.
2. Дана Хикардың ұлына айтқан өсиеттері. – Шымкент: «Жібек жолы», 2000. - 31 б.
3. Орталық Азия мен Қазақстан тарихына қатысты армян деректемелері. (Н. Базылханмен бірге) – Алматы: «Дайк-Пресс», 2010. – 248 б.+8 б. Жапсырма.
4. Дана Хикар хикаясы. Аудармасы, факсимилесі, ғылыми түсініктемесі. // Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 20 т. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2013. (11-37, 376-386 бб.).
5. Исқағаз жүргізуде жиі қолданылатын сөз тіркестері (Әдістемелік құрал) – Словосочетания частоупотребляемые в делопроизводстве (Методическое пособие). – Шымкент: «Кітап» ЖШС, 2008. – 128 б. (құрастырушылардың бірі).

Мақалалары:

1980

1. Көркем шығармадағы автор тілі (Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясы бойынша). // Материалы Республиканской научной конференции молодых ученых и специалистов по общественным наукам, посвященной 110-й годовщине со дня рождения В.И. Ленина. 17-18 апреля 1980г. Тезисы докладов. –Алма-Ата: «Наука»,1981, 199-200 бб.

1986

2. Д. Досжанов шығармаларындағы көне сөздер. // Труды научной конференции молодых ученых АН КазССР посвященной 60 летию образования Казахской ССР и Компартии Казахстана. Депонирован в ИНИО АН СССР, № 17619. – Москва: «Наука», 1986, 10 стр.
3. Торговая лексика в языке армяно-кыпчакских памятников XVI-XVII вв. // Молодежь и научно-технический прогресс. Тезисы докладов конференции молодых ученых АН КазССР, -Алма-Ата: «Наука», 1986. 237-238 бб.

1989

4. Армян жазулы қыпшақ тілінің ескерткіштері. // Қазақ әдеби тілінің тарихи көздері (Ғылыми жинақ). –Алматы: «Ғылым», 1989. 177-184 бб.
5. «Дана Хикар сөзі» ескерткіші тіліндегі кірме сөздер. // Қазақ тілі – ғылым тілі. –Алматы: «Ғылым»,1989. 140-141 бб.

Ж. Т. Танауова. С. Ж. Құдасов: Армян жазулы қыпшақ ескерткіштерін...

1990

6. «Дана Хикар сөзі» тілінің кейбір графо-фонетикалық ерекшеліктері. // «Тюркская фонетика-90» I Всесоюзная конференция. 26-28 ноябрь 1990 г. Тезисы докладов. -Алма-Ата, 1990.
7. А.Н. Гаркавец. Кыпчакские языки: куманский и армяно-кыпчакский. –Алма-Ата: «Наука», 1987. // «Советская тюркология», № 4, 1990. –Баку. (А. Ибатовпен бірге).

1991

8. Кеңесбай Мұсаевич Мұсаев 60 жаста. // ҚазССР ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. –Алматы: «Ғылым», № 2, 1991 (Ә. Қайдаров, Е. Қажыбековтермен бірге).

2003

9. Армян жазулы қыпшақ ескерткіші «Дана Хикар сөзі» жайында. // Жоғары кәсіби дайындық жүйесінде білім беру сапасын арттырудың қазіргі кезеңдегі мәселелері. Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияның материалдары. –Шымкент, 2003. 209-213 бб.
10. «Дана Хикар сөзі» жазба ескерткішін зерттеудің маңызы. // Жоғары кәсіби дайындық жүйесінде білім беру сапасын арттырудың қазіргі кезеңдегі мәселелері. Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияның материалдары. –Шымкент, 2003. 213-216 бб.
11. Армян жазулы қыпшақ ескерткіші «Дана Хикар сөзі» тіліндегі араб-иран сөздері. // ОҚПУ-нің 10 жылдығына арналған «Білім беру мен ғылым дамуының өзекті мәселелері» атты ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. –Шымкент, 2003. 109-111 бб.

2005

12. Майдангер-ғалым (академик Ә.Т.Қайдар туралы). // «Қазақстанның ғылыми әлемі - Научный мир Казахстана – Scientific world of Kazakhstan» халықаралық (ISSN 1815-9486) ғылыми журналы, № 1(01), 2005. 185-188 бб.
13. Деректанушы ғалым (академик Б.Е. Көмеков туралы).// «Қазақстанның ғылыми әлемі - Научный мир Казахстана – Scientific world of Kazakhstan» халықаралық (ISSN 1815-9486) ғылыми журналы, № 2(02), 2005. 221-222 бб. (Қ. Анарбаевпен бірге).
14. Тарихтан сыр тартқан ғалым (Ә.Құрышжанұлының 75 жасқа толуына орай). // «Қазақстанның ғылыми әлемі - Научный мир Казахстана – Scientific world of Kazakhstan» халықаралық (ISSN 1815-9486) ғылыми журналы, № 3(03)-4(04), 2005. 160-162 бб. (С. Боранбаевпен бірге).
15. Ғылымға қызмет еткен ғұмыр (Иштван Мандоки Қоңыр жайында). // «Қазақстанның ғылыми әлемі - Научный мир Казахстана – Scientific world of Kazakhstan» халықаралық (ISSN 1815-9486) ғылыми журналы, № 3(03)-4(04), 2005. 163-164 бб.

2006

16. Іргелі ізденіс (Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. –А.: «Арыс», 2006). // «Қазақстанның ғылыми әлемі - Научный

мир Казахстана – Scientific world of Kazakhstan» халықаралық (ISSN 1815-9486) ғылыми журналы, № 3(07)-4(08), 2006. 174 б.

2007

17. V-XVII ғасырлардағы Орталық Азия мен Қазақстан тарихына қатысты армян дереккөздері. // «Қазақстанның ғылыми әлемі - Научный мир Казахстана – Scientific world of Kazakhstan» халықаралық (ISSN 1815-9486) ғылыми журналы, № 2(12), 2007. 189-193 бб.
18. Лексические особенности армяно-кыпчакского памятника «Слово Мудрого Хикара» (XVII вв.). // Third International Congress on Turkic Civilization Globalization and Turkic Civilization. Abstracts. – Bishkek, May 28-31, 2007. S. 27-28.
19. «Дана Хикар сөзі» тіліндегі дауысты дыбыстардың графо-фонетикалық ерекшеліктері // Ғасырлар тоғысындағы түркі өркениеті: саясат, экономика және мәдениет. 2007 жылдың 19-20 сәуірінде Орал қаласында өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Орал, 2007. 89-92 беттер.
20. V-XVII ғасырлардағы Орталық Азия мен Қазақстан тарихына қатысты армян дереккөздері. // «Қазақтану-Казаховедение» журналы, №1(02), 2007.
21. Қ. Ғабитханұлы. Қазақ мифологиясының тілдегі көрінісі. // «Қазақстанның ғылыми әлемі - Научный мир Казахстана – Scientific world of Kazakhstan» халықаралық (ISSN 1815-9486) ғылыми журналы, № 1(11), 2007.
22. Ескі қыпшақ тіліне арналған зерттеу (Есбосынов Е. Ескі қыпшақ тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері. Абу Хайян еңбегі бойынша, XIVғ.) // «Қазақстанның ғылыми әлемі - Научный мир Казахстана – Scientific world of Kazakhstan» халықаралық (ISSN 1815-9486) ғылыми журналы, № 3(13)-4(14), 2007. 208-209 бб.
23. Ильясова З.С. Ортағасырлық қазақстан тарихын оқытудағы IX-XIII ғғ. араб дереккөздері: Оқу құралы. -Түркістан, 2007. -193 б. (Рецензенттің бірі).

2008

24. Лексические особенности армянописьменного кыпчакского памятника «Слово Мудрого Хикара» (XVI-XVII вв.). // Түркологиялық жыйнақ, I. -Бишкек: Bilge, 2008. 52-55 бб.
25. Кавказ қыпшақтары және армян-қыпшақ ескерткіштері //«Қазақтану-Казаховедение» журналы, №3(08)-4(09), 2008. 127-133бб.
26. Сөз мәйегін терген ғалым (профессор Б.Қ.Момынова туралы). // «Қазақстанның ғылыми әлемі - Научный мир Казахстана – Scientific world of Kazakhstan» халықаралық (ISSN 1815-9486) ғылыми журналы, № 1(17), 2008. 208-211бб.

2009

27. Қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштерді зерттеу мәселелері // Бүгінгі түркологияның өзекті мәселелері мен келешегі (ортақ тіл, тарих және әліпби). III Халықаралық түркология конгресінің материалдары, - Түркістан, 2009. 173-176 бб.

Ж. Т. Танауова. С. Ж. Құдасов: Армян жазулы қыпшақ ескерткіштерін...

28. Қыпшақ тіліндегі ортағасырлық жазба ескерткіштерді зерттеудің кейбір мәселелері // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» халықаралық журналы, № 1, 2009. -Алматы. 58-62 бб.
29. Кавказ қыпшақтары және армян-қыпшақ ескерткіштері. // Этнос және тіл. Академик Ә.Т. Қайдардың 85 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 2009. 78-82 бб.
30. Тұғыры биік тұлға (Ғалым-жазушы Қ.Салғараұлы 70 жаста). // «Қазақстанның ғылыми әлемі - Научный мир Казахстана – Scientific world of Kazakhstan» халықаралық (ISSN 1815-9486) ғылыми журналы, № 2(24), 2009. 207-209 бб. (Н. Сарыпбековпен бірге).
31. Ұлтын ұлықтаған ғалым (Қ. Салғараұлының 70 жылдығына) //«Қазақтану-Казаховедение» журналы, №1(10)-2(11), 2009.
32. Академик Орузбаева Бүбүйна Өмүрзаковна 85 жаста. // Қазақтану-Казаховедение» журналы, №3(12)-4(14), 2009. 199-201бб. (С.Ж. Мусаев, Р.Ә. Конурбаевалармен бірге).
33. Кавказ қыпшақтары // Тоқсан екі баулы қыпшақ: Бұлтың ата ұрпақтары. – Қызылорда, 2009. – 812-816 бб.
34. Армян-қыпшақ жазба ескерткіштері // Тоқсан екі баулы қыпшақ: Бұлтың ата ұрпақтары. – Қызылорда, 2009. – 816-819 бб.

2010

35. Кыпчак тилиндеги жазма эстеликтерди изилдөө маселелери // И. Арабаев атынд. Кыргыз мамлекеттик университетинин «Жарчысы», Филологиялык илимдер. Чыгарылычы: 3. –Бишкек, 2010. 13-19 бб.
36. Товма Мецопеци. Темірлан және оның ізбасарларының тарихы. //«Қазақтану-Казаховедение» журналы, №2(15), 2010. 41-46 бб.
37. Товма Мецопеци. Темірлан және оның ізбасарларының тарихы (жалғасы). //«Қазақтану-Казаховедение» журналы, №3(16)-№4(17), 2010.
38. Кейкі батыр туралы // «Қазақтану-Казаховедение» журналы, №3(16)-№4(17), 2010
39. Ортағасырлық армян жазулы қыпшақ ескерткіштерін зерттеу мәселесі //«Жалпы тіл білімі және түркі тілдерінің өзекті мәселелері». Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. ҚР Мәдениет министрлігінің Тіл комитеті, Л.Н. Гумилев атынд. Еуразия ұлттық университеті. - Астана, 2010. 150-155 бб.
40. Қыпшақтанудың негізін салған ғалым (Ә. Құрышжанұлының 80 жылдығына) (С. Боранбаевпен бірге). //«Қазақтану-Казаховедение» журналы, №3(16)-№4(17), 2010.

2011

41. Кірпакча yazmış eserleri araştırma ve incelenme meseleleri. // «Алтаистика және түркология журналы». – Астана, -№ 1, 2011. 53-58 бб.
42. Армян қыпшақ тіліндегі ескерткіштерді зерттеудің ерекшеліктері. // «Алтаистика және түркология журналы». –Астана, 2011. -№ 2, 79-83 бб.
43. «Дана Хикар сөзі» тілінің морфологиялық ерекшеліктері. // Халықаралық түркітану симпозиумы. –Астана, 28-29 сәуір, 2011 ж.

44. Армян-қыпшақ ескерткіштері тіліндегі дауыссыз дыбыстардың графофонетикалық ерекшеліктері. // «Қазақстанның ғылыми әлемі - Научный мир Казахстана – Scientific world of Kazakhstan» халықаралық (ISSN 1815-9486) ғылыми журналы, -№5(39)-6(40), 2011. 16-19 бб. (0,4 б/т).
45. “Каменец хроникасы” (XVIIғ.) тіліндегі зат есім жұрнақтарының сипаты. // «Қазақтану-Казаховедение» журналы. № 3(20)-4 (21), 2011. 68-71 бб. (0,3 б/т).
46. Біз білетін Кейкі кім? // «Қазақстан әйелдері» республикалық журналы, №3, 2011.

2012

47. Армян-қыпшақ ескерткіштері тілінің лексикалық құрамы жайында. // “Дамыта оқытудағы инновациялық технологиялардың әдіснамалық негіздері”: п.ғ.д., профессор Амангелді Жапбаровтың 70 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. –Шымкент, 2012. (0,3 б/т).
48. Явление трансонимизации в тюркской топонимии // Вестник Кыргызского национального университета им. И. Арабаева, Филологические науки: 9 Выпуск. –Бишкек, 2012. С. 91-95 (Совтор Мынбаев Н.Ж.).
49. Лексические особенности языка армянописьменного кыпчакского памятника «Слово Мудрого Хикара» // Материалы V Всероссийской тюркологической конференции, посвященной 80-летию Института истории, языка и литературы Уфимского научного центра РАН «Урал-Алтай: через века в будущее» (21-22 июня 2012г.). Т.2. –Уфа, 2012.

2013

50. Армян-қыпшақ ескерткіштері тілінің морфологиялық ерекшеліктері // «Әуезов оқулары - 2013» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. -Шымкент, 2013. (0,3 б/т).
51. XVI-XVII ғғ. армян әліпбиімен жазылған қыпшақ тілі ескерткіштері: зерттелуі мен өзекті мәселелері // “The Kipchaks of Eurasia: History, Language, and written records” Materials of International scientific Conference Republic of Kazakhstan. – Astana, 2013. S.251-260.
52. Армян-қыпшақ ескерткіштері тілі сөздік қорының қазақ тілі лексикасымен сабақтастығы мен айырмашылығы // «Қазақтану-Казаховедение» журналы. № 2(27), –Шымкент, 2013. 37-41 бб.
53. Армян-қыпшақтары Кавказда және Еуропада // Түркі жазуы құпиясы ашылуының 120 жылдығына арналған «Еуразиялық интеграция: тарих және қазіргі кезең» атты республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. –Шымкент, 2013.
54. Рецензия: Мырзабек Чокотегиннің «Кыргыз боз үйүнүн жаралышы, жасалышы, пайдаланышы жана алардагы тарыхый-маданияттык баалуулуктар» зерттеу кітабына пікір // Кыргыз элинин уюткулуу сырлары. Кыргыз боз үйүнүн жаралышы, жасалышы, пайдаланышы жана алардагы тарыхый-маданияттык баалуулуктар. – Бишкек: Алтын-Принт, 2013. - 4-5 беттер.
55. Рецензия: Мырзабек Чокотегин. Тоо көчмөндөрүнүн туурак-жайларынын этногендик жана маданияттык негиздери. –Бишкек, 2011. -147 б. // «Қазақтану-Казаховедение» журналы. № 2(27), –Шымкент, 2013. 190-191 бб.

Ж. Т. Танауова. С. Ж. Құдасов: Армян жазулы қыпшақ ескерткіштері...

56. Ғалым – азамат. Профессор С.Ж. Мусаевтың 60 жылдығына // «Қазақтану-Казаховедение» журналы. № 3-4(28-29), –Шымкент, 2013.
57. Алатаудай асқар тұлға. Профессор С.Ж. Мусаевтың туғанына 60 жыл // «Қазақстанның ғылыми әлемі - Научный мир Казахстана – Scientific world of Kazakhstan» халықаралық (ISSN 1815-9486) ғылыми журналы, -№3-6(49-52), 2013. 411-413 бб.

2014

58. V-XVII ғасырлардағы Орталық Азия мен Қазақстан тарихына қатысты армян дереккөздері // Урал-Алтай: через века в будущее: Материалы VI Всероссийской тюркологической конференции (с международным участием). - Уфа: ИИЯЛ УНЦ РАН, 2014. 225-229 бб.
59. Армян-қыпшақ ескерткіштері тілі сөздік қорын қазақ тілімен салыстыру нәтижелерінен // Milli Medeniyet, Sayı 25. Afyonkarakisar-Kazan, 2014. 85-90 бб.
60. Құмықтардың наурыз жыры // «Қазақтану-Казаховедение» журналы. № 1 (30), 2014. 147-152 бб.
61. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. *Энциклопедия*. // «Қазақтану-Казаховедение» журналы. № 1 (30), 2014. 159-161 бб.
62. Құмықтардың қазақ жырлары // «Қазақтану-Казаховедение» журналы. № 2 (31), 2014. -91-106 бб.
63. Тұғыры биік тұлға. Ғалым-жазушы Қ. Салғараұлының 75 жылдығына // «Қазақтану-Казаховедение» журналы. № 1 (30), 2014. 153-155 бб. (Қ. Анарбаевпен бірге)

2015

64. Құмық жырлары: Къарткъожакъ булан Макъсуман // «Қазақтану-Казаховедение» журналы. № 1 (35), 2015. -156-160 бб.
65. Қыпшақтану ғылымының негізін салған ғалым // ҚР Білім және ғылым министрлігі Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті және Халықаралық Түркі академиясының ұйымдастыруымен Профессор Ә. Құрышжанұлының 85 жылдығына орай 2015 жылғы 27 қарашада өткен «Профессор Ә. Құрышжанұлы және түркі дүниесі: тіл, тарих, руханият» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. - Алматы, 2015. -15-19 бб.
66. Армян жазулы қыпшақ ескерткіштерінің қазақ тілінің тарихына қатысы мәселесіне // ҚР Білім және ғылым министрлігі Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті және Халықаралық Түркі академиясының ұйымдастыруымен Профессор Ә. Құрышжанұлының 85 жылдығына орай 2015 жылғы 27 қарашада өткен «Профессор Ә. Құрышжанұлы және түркі дүниесі: тіл, тарих, руханият» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. - Алматы, 2015. -80-83 бб. (С. Төребековамен бірге).
67. Армян жазулы қыпшақ ескерткіштері және қазақ тілінің тарихы мәселесі // «Қазақтану-Казаховедение» журналы. № 2 (36), 2015. (С. Төребековамен бірге)
68. Қыпшақ ескерткіштері тілінің өзіндік морфологиялық ерекшеліктері жайында // «Түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті – қазақ хандығының рухани

өзегі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның еңбектері. 4-7 желтоқсан. –Шымкент: «Әлем» баспасы, 2015. -322 б. III бөлім. -8-12 бб. (Г.Н. Нурғазинамен бірге)

69. Академик Б.Е. Көмеков 75 жаста //«Қазақтану-Казаховедение» журналы. № 2 (36), 2015. (Қ. Анарбаевпен бірге).

2016

70. Армян жазулы қыпшақ ескерткіштері тілі мен қазақ тіліндегі ортақ сөздік қордың сипаты // Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркология ғылыми-зерттеу институты ұйымдастыруымен «Қазақ мемлекеттілігіндегі Қазақ хандығының орны» атты 2015 жылы 19–21 мамыр Түркістан қаласында өткен Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Түркістан, 2016. – 533-541 беттер.
71. Кавказсырты жеріндегі түркі-қыпшақ негізді армян антропонимдері // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2016.
72. Армян-қыпшақ тіліндегі сот жазбаларының тарихи-тілдік маңызы (XVI-XVII ғғ.) // «Қазақстанның ғылыми әлемі - Научный мир Казахстана – Scientific world of Kazakhstan» халықаралық (ISSN 1815-9486) ғылыми журналы, 2016.

**XVI-XVII ҒҒ. АРМЯН-ҚЫПШАҚ ТІЛІНДЕГІ СОТ
ЖАЗБАЛАРЫ**

С.ҚҰДАСОВ*

Түйіндеме

Мақалада XVI-XVII ғасырларда армян әліпбиімен жазылған қыпшақ тіліндегі ескерткіштердің ішінде қыпшақтардың ауызекі сөйлеу тілінің үлгісі ретінде қарастырылып жүрген Каменец-Подольск магистратының акт кітаптарының сипаты, зерттелуі мен олардың қазіргі қыпшақ тілдерінің тарихын зерттеудегі орны мен маңызы туралы сөз болады.

Кілт сөздер: Армян-қыпшақтар, қыпшақ тілі, ресми құжаттар, іс-қағаздары стилі, сөздің лексика-семантикалық топтары.

Summary

The article is devoted to the characterization, the study of history, its role in the study of the history of modern Kipchak languages documentary books Kamenetz-Podolsk Armenian magistrate on Kipchak language, which are regarded as monuments of spoken language Kipchak XVI-XVII centuries.

Tags: Armenian-Kipchak, Kipchak language, official documents, the style of business documents, lexical-semantic groups of words.

Ескі қыпшақ тілінің ескерткіштері аталып жүрген ортағасырлық жазба мұралардың ішінде көлемі мол, әртүрлі жанрды қамтитын армян жазулы қыпшақ ескерткіштерінің алатын орны ерекше. XIV-XVII ғасырларда қазіргі Украина, Молдавия, Румыния жерлеріне қоныс теуіп, қауым болып өмір сүрген, армян-григориан дінін тұтынып, қыпшақ тілінде сөйлеген этникалық топ отандық және шетелдік түркологияда «армян-қыпшақтар», ал олардың армян әліпбиімен жазып қалдырған жәдігерліктері «армян-қыпшақ жазба ескерткіштері» деп аталып жүр [1, 81-90; 2, 79-86.].

Армян-қыпшақтар XV ғасырдың аяғында сол кездегі ең үлкен саяси және экономикалық орталық болған Каменец-Подольск мен Львов қалаларына топтасады. В.Р. Григорян 1566 жылы Каменецте олардың саны 900 үй шамасында болған деген Садоқ Барончтың, 1200 үйге жеткен деген Ф. Маклердің деректерін келтіреді [3, 281]. Львов

Екіншіден, тарихи уақиғаларды, деректерді хаттап-шоттап, оның мұртын бұзбай сақтап отыру үрдісі де – қытай халқының ұлттық дәстүрінің бірі. Қытай тарихына қарап отырсақ, бүгінгі бейнелі жазуы (иероглиф) пайда болғаннан бері қарайғы мыңдаған жылдар бойы дерек, шежіре, тарихи уақиға, жылнама, естелік-эссе жазу дәстүрі жақсы сақталып келе жатқанына куә боламыз. Бұлардың ең байырғылары тасқа, сүйекке, тасбақа сауытына, қамысқа, металға (қола, мыс, темір) таңбаланған болса, кейіндеп кездемеге, қағазға жазылатын болды. Қытай ғалымдарының сөзіне сенсек, олар осыдан 3600 жыл бұрын өмір сүрген Шаң патшалығы (б.з.б. ? – 1500 ж.ж.) кезінде-ақ жазу-сызуы бар мемлекет болып есептелетін [1, 47]. Аталған патшалықтан кейінгі тарихи кезеңдерде өмір сүрген барлық әулеттер

(бектіктер, хандықтар, патшалықтар) өз замандары туралы, маңайы туралы, өзге елдермен қарым-қатынасы туралы деректерді, өздерінің шежірелерін, маңызды тарихи уақиғаларды, жылнамаларды, тарихи тұлғалар туралы ғұмырнамалық мәліметтерді хаттап-шоттап кейінгілерге қалдырып отырды. Әрине, бұлардың қамтитын уақыт көлемі де ауқымды, саны да өте мол. Сондай-ақ ол жазбалардың жанрлары да сан алуан болып келеді. Қытайдың тауарихнама ғылымында бұлардың ресми төл тарих болып есептелетіндері «26 тарих» деп аталады. Олар хронологиялық тәртіппен: «Тарихи жазбалар», «Хань кітабы», «Кейінгі хань кітабы», «Үш патшалық тарихы», «Зинь кітабы», «Суң кітабы», «Чи кітабы», «Лияң кітабы», «Солтүстік Чи кітабы», «Солтүстік бектіктер тарихы», «Оңтүстік бектіктер тарихы», «Сүй кітабы», «Көне Таң кітабы», «Жаңа Таң кітабы», «Бес әулет көне тарихы», «Бес әулет жаңа тарихы», «Ляо (қара қытай) тарихы», «Зинь тарихы», «Суң тарихы», «Юань тарихы», «Миң тарихы», «Жаңа Юань тарихы», «Цин тарихына кіріспе» деп аталады [2, 18]. Тарихтың әр кезеңінде қытай билігі мен тауарихшы ғалымдары мақұлдап, бекіткен осы «26 тарих» (жалпы 4018 бумадан тұрады) Қытайдың «ресми тарихы, шынайы дерек намасы» болып есептеледі.

Тұтас қытай қоғамы тарихының ұзына бойына дәурен сүрген осынау 26 патшалықтың хандық, бектік тарихы болып есептелетін тарихнамаларда аңыз-әфсана түрінде ауызша айтылып келген Хуаң Диден бастап Цин империясы жойылғанға дейінгі (1911 ж.) Қытайдың бес мың жылдық тарихы толық қамтылып, үзіліссіз, жүйелі әрі егжей-тегжейлі баяндалған. Бұл тарихнамалар аңыз, шежіре, дерек, баян, ғұмырнама, жылнамалардан құралған. Қамтылған уақыты жағынан әлемдегі ең теңдессіз, ерекше мол, аса құнды тарихи жазба дерек қамбасы. Сондай-ақ бүгінгі күні оны 5 мың жылдық қытай мәдениетінің алып энциклопедиясы деуге де болады. Сонымен бірге бұл алып жәдігерлікті («26 тарих») – тек этникалық қытай халқының ғана емес, сонымен бірге қытаймен ежелден бері қоңсылас болып, қатар өмір сүріп келе жатқан Орталық, Солтүстік, Шығыс, Оңтүстік Азия халықтарының да ежелгі тарихы мен мәдениетінің маңызды дерекнамасы деп қабылдауға толық негіз бар. Себебі, бүгінгі қытай өзгені айтпағанда, ту бағзы замандарда, одан берідегі б.ж.с-дың алды-артында бірнеше ғасыр бойы Қытайдың алғашқы Цинь, Хань патшалықтарымен қатар ұлы Ғұн империясы өмір сүрген болса, орта ғасырларда қытайдың Сүй, Таң династияларымен қатар Орталық Азияда Түрк қағанаты өмір сүрді. Сонымен бірге бүгінгі ҚХР-ның

Орталық Азияға тән батыс-солтүстік өңірлерінде, сондай-ақ Орта Азияның өзге де аймақтарында тарихтың әр түрлі кезеңдерінде ұлылық-кішілік көптеген этностар, тайпалар, ұлыстар мен хандық-қағандықтар өмір сүріп келді. Бүгінде олардың кейбіреуі жойылды немесе өзгеріске ұшырады. Сол этностардың бүгінгі әулеттері, біразы қазір Орталық Азияда, ҚХР-аумағында өмір сүріп жатыр. Ал енді біразы Батысқа, Еуропаға қоныс аударып, сол өңірлерде тіршіліктерін жалғастыруда. Демек, қалай болған күнде де, ежелгі түркілердің тарихы мен мәдениеті өз тұсында қытай елімен белгілі деңгейде тікелей де, жанамалай да байланысып жатқаны жасырын емес. Тарихтағы осынау жалпы ежелгі түркі тайпалары мен олардың мемлекеттері жөніндегі ең ертедегі, ең құнды, ең қомақты, біршама нақты жазба деректер, міне осы сөз болып отырған Қытайдың «26 тарихынан» көптеп кездеседі. Сондықтан ежелгі түркілердің тарихы мен мәдениетін зерттеуші қытайлық ғалымдар болсын немесе шетелдік ғалымдар болсын, аталған жазба деректерді айналып өткен емес. Сондай-ақ күні бүгінгі дейін бұл жазбалар ежелгі түркі мәдениеті мен тарихын зерттеуде өзінің деректік құндылығын сақтап келеді. Бұған дейінгі ежелгі түркілердің тарихы мен мәдениетіне қатысты деректердің біразы ХІХ ғасырда өмір сүрген белгілі орыс миссионері Бичурин мен француз ғалымы Шаванның аудармалары арқылы мағлұм болды. Қазақ тарихы мен мәдениетіне қатысты ертеректе Ресейде және Қазақстанда жазылған еңбектердегі ежелгі Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы, Алан, Түрік, Қыпшақ т.с.с. ұлыстар мен мемлекеттерге қатысты жазба деректердің бір парасы Бичурин аудармасы арқылы қытай жазбаларынан («26 тарих») алынғаны мәлім.

1998 жылдан бастап ҚХР ШҰАР Шынжаң қоғамдық ғылымдар академиясында істейтін қазақ тарихшылары Қытайдың сөз болып отырған «26 тарихындағы» ежелгі түркі тайпаларына қатысты деректерді іріктеп, аударып жарыққа шығара бастады. Бүгінге дейін көлемді-көлемді (әр қайсысы орта есеппен 30 баспа табақтан тұрады) үш томы жарық көрді. Бұл үш томға б.з.б. ІІ-ІІІ ғасырлардан бастап, «Юань тарихына» (ХІІ-ХІІІ ғғ.) дейінгі аралықтағы кезең және осы кезеңде өмір сүрген түркі тайпалары мен мемлекеттеріне қатысты деректер қамтылған. Сондықтан Аспан асты елінің әлемге аты мәшһүр «26 тарих» атты алып жазбасын, Қытайдағы түркология ғылымының басы әрі іргелі дереккөзі деп бағалауымызға әбден болады.

Себебі, Қытайдың сөз болып отырған «26 тарих» алып дерекнамасында бүгінгі күнге жеткені бар, ішінара жойылып кеткені

бар, ежелгі түркі тайпаларының тарихы мен мәдениетіне қатысты өте мол құнды деректер сақталған. Атап айтқанда, ежелгі таулық Нұмдар, Ғұндар, Юзилер, Деңлендер, Гегундер, Хагаттар, Грурандар, Үйсіндер, Сақтар, Қаңлылар, Агаттар, Чігілдер, Аландар, Теглектер, Татарлар, Түріктер, Қырғыздар, Қарлықтар, Қасарлар, Құйғырлар, Қидандар, Оноктар, Сумақтар, Түргештер, Тоқарлар, Телектер, Оғыздар, Арағұндар секілді толып жатқан ежелгі түркітөктес тайпаларға қатысты тек тарихи деректер ғана емес, сонымен бірге олардың мәдениеті мен өнері туралы да мол мағлұмат алуға болады. Ондағы мәліметтердің құндылығы мынадай сипаттармен анықталады: Біріншіден, ежелгі түркі мәдениетіне қатысты мәліметтің өте ерте кезде хатқа түсіп, біздің заманымызға жетіп отырғандығы. Яғни ондағы деректер «осылай болуы мүмкін...» деп келетін қазіргі «тарихшылардың» болжамы немесе «осылай қорытынды жасауға болады...» дейтін әлде бір археологтың қорытындысы емес. Өз заманында «көзімен көріп, қолымен ұстаған» адамның жазып қалдырған нақты жазбасы. Мәселен, біз үнемі жобалап болса да «жүн, тері өңдеу - түркілерде ежелден дамыған өнер», - деп айтып та, жазып та жүрміз. Алайда бұл өнердің ежелгі түркілерде біз ойлағаннан да ерте дамығаны біз сөз етіп отырған «26 тарихтан» кездеседі. Мәселен, «Тарихи жазбалардағы» ежелгі түркілердің тыныс-тіршілігіне қатысты деректердің 2-бумасында (Ся әулетінің шежіресі): «Жүн тоқыма, тері бұйымдарын саудаға ұсынатындар Құрым, Секте, Қасоктар еді»[3, б], - делінген.

Мұнда сөз болып отырған кезең б.з.б. XXI-XVI ғасырлар аралығы. Ал Құрым, Секте, Қасок дегендер ежелгі Түркі тайпаларының аттары. Демек бұл деректен ежелгі түркі тайпаларының сонау б.з.б. XXI-XVI ғасырлардың өзінде-ақ жүн тоқып, тері мінерлеп, одан киім-кешек, өзге де тұрмыстық тұтыну бұйымдарын өндірумен айналыса бастағанын аңғарамыз. Малды қолға үйрету, жүн, тері мәнерлеу өнері туралы тағы бір мысал «Тарихи жазбалардың» 111-бума «Ғұн баянында»: «Салт бойынша ғұндар жайшылықта мал бағып, аң аулап күнелтеді. Елбасыларынан тартып қарашаларына дейін ет жеп, теріден киім киеді, тон жамылып, киіз төсенеді» [4]. Әрине, аталған жазбаларда ғұндардың материалдық мәдениетіне немесе қолөнеріне қатысты ғана емес, рухани мәдениеті мен дүниетанымы, діни рәсімдеріне, әдет-ғұрыптық заңдарына да қатысты да мол мәлімет кездеседі. Мәселен, «ғұнның барлық ағаман-ақсақалдары жаңа жылдың басқы айында Тәңірікүт ордасында шағын мәжіліс құрып,

құрбандық шалады. 5-ші айда Ұлубалықта бас қосып, ата-бабаларының аруағына, жер-көкке, ие-киелерге арнап үлкен шек береді. Күзге салым жылқы қонданған кезде тасаттық орманында өтетін ұлы мал мен жанның санағы және соған қарай алынатын алым-салық мөлшері есептеледі. Олардың әдет-заңында: біреуге семсер (немесе қылыш) жұмсап зақымдаған жері екі қарыстай болса, оған өлім жазасы кесіледі; ұрлық істегендердің бала-шағасы мен мал-мүлкі тәркіленеді; жеңіл қылмыстыларға толарсағын шағу жазасы, ауыр қылмыс өткізгендерге өлім жазасы беріледі. Абақтыға 10 күннен артық жатқызылмайды. Бүкіл елде абақтыға жататындар бірнеше адамнан аспайды. Тәңірікүт әр таңда ордасынан шығып, көтеріліп келе жатқан күнге, түнде айға тәу етеді» [4]. Бұдан өзге «Тарихи жазбаларда» ежелгі түркі тайпалары құрған хандықтар мен патшалықтардың әкімшілік жүйесі, әскери құрылымы туралы да деректер аз емес. Мысалы, «ғұндар сол білге қаған, оң білге қаған, сол жанақ қаған, оң жанақ қаған, сол сардар, оң сардар, сол аға жасауыл, оң аға жасауыл, сол аға данға, оң аға данға, сол құтағұ, оң құтағұ қойылады. Ғұндар білгені (данышпан) «дөкей» дейді. Сондықтан көбіне мұрагер хантегін (қалға) сол қол дөкей хан болып тағайындалады. Сол-оң білге хандардан данғаларға дейін ірілері он сан (түмен), кішіректері бірнеше сан (мыңдаған) сарбаз ұстайды да, жалпы 24 ағаман тағайындалып, оларға «түменбасы» деген атақ беріледі. Ұлықтардың атақ-мәртебесі атадан балаға мирас болып жалғасады» [4].

Міне көріп отырғанымыздай, бұндай құнды деректер сөз болып отырған «Тарихи жазбаларда» өте мол. Тіпті тек ғұндарға ғана қатысты емес, жоғарыда аттары аталған, бүгінге жеткені бар, өзгеріске ұшырап, аты өшкені бар, жойылып кеткені бар, Нұмдар, Юзилер, Деңлендер, Гегундер, Хагаттар, Грурандар, Үйсіндер, Сақтар, Қаңлылар, Агаттар, Чігілдер, Аландар, Теглектер, Татарлар, Түріктер, Қырғыздар, Қарлықтар, Қасарлар, Құйғырлар, Қидандар, Оноқтар, Сумақтар, Түргештер, Тоқарлар, Телектер, Оғыздар, Арағұндар секілді толып жатқан ежелгі түркітектес тайпалардың өнері мен мәдениетіне, салт-дәстүрі мен діни наным-сеніміне, әскери және әкімшілік құрылымына қатысты да мол да құнды деректер қамтылған.

2. Қытай ғалымдарының көне түркілерге қатысты зерттеулері

Жоғарыда біз сөз еткен ежелгі қытай жазбаларының жиынтығы «26 тарихтан» тыс, әр кездері қытай ғалымдары бірлесе қолға алып, жұмыла жүзеге асырған іргелі зерттеулер де аз емес. Солардың бірі – Шынжаң қоғамдық ғылымдар академиясы Ұлттар институтының ғалымдары жазып-құрастырған, 1980 жылы «Шынжаң халық баспасынан» қытай тілінде, 1982 жылы ұйғыр тілінде, 1983 жылы қазақ тілінде жарық көрген «Шынжаңның қысқаша тарихы» деп аталатын іргелі зерттеу. Аталған еңбек көлемді-көлемді екі томнан (әр қайсысы 20-25 баспа табақтан) тұрады. Мұнда қазіргі ҚХР ШҰАР территориясында бұрынды-соңды өмір сүрген ежелгі түркі тайпаларынан бастап, бүгінгі күні сол өлкеде өмір сүріп жатқан түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті жүйелі түрде қарастырылған. Атап айтқанда, «Шынжаңның қысқаша тарихының» I томының алғашқы тараулары Шынжаң өңіріндегі алғашқы тас құралдар дәуірінің тарихы мен мәдениетіне арналған. Яғни сөз болып отырған еңбектің алғашқы томының алғашқы тарауы «Тас құрал дәуіріндегі және таптық қоғамға өту кезіндегі Шынжаң» деп аталады. Жоғарыдағы «26 тарихта» ежелгі түркілердің тарихы мен мәдениетіне қатысты жазбалар Қытайда жазу-сызу пайда болғаннан кейінгі кездердегі көзбен көрген, қолмен ұстаған, құлақпен естіген заттар, құбылыстар туралы баян болатын болса, «Шынжаңның қысқаша тарихының» ерекшелігі, мұнда Қытайдың «26 тарихын» да өз ішіне қамтыған ежелгі жазбаларды пайдаланумен бірге, бүгінгі Шынжаң өлкесіндегі архелогиялық қазба жұмыстарының да нәтижелері мен жетістіктері толықтай басшылыққа алынған. Мысалы, мына мәліметтердің тек анықталған қазба жәдігерліктердің көмегі арқасында ғана айтылып отырғаны шүбәсіз. «Осыдан шамамен 6-7 мың жыл бұрын еліміз (ҚХР-ді меңзеп отыр. – Д.М.) жаңа тас құрал дәуіріне қадам тастады. Сыпайы тас құрал мәдениетінің жұрты Шынжаңның барлық жерінен дерлік табылды.

Ол кезде адамдар пайдаланған өндіріс құралдары, негізінен, тас жебе, тас пышақ, тас найза, үшкір тастар мен қыру-жонуға арналған тас құралдар еді.

Тұрмыс жабдықтары жағында, негізінен балшықтан жасалған ыдыстар болды. Дегенмен саны өте аз, жасалуы да тым тұрпайы, түгелдей қолмен жасалған, пішіні де қарапайым еді. Балшық ыдыстардың түрлері, көбінесе асхана жабдықтары және ішіп-жемге қажетті басқа да жабдықтар, атап айтқанда, күбі, кесе, тегеш, т.б.

өңдері сұрғылт, кейбіреулеріне тарақ сияқты бедер, кейбіреулеріне дөңгелек бедер немесе түзу сызықты нақыштар сызылған. Тұрфанның Астана деген жерінде жерінен сәндік үшін істетілетін тесігі кішкене тас маржандар табылған» [5,14]. Үйсіндер мен ғұндардың тұрмыс-салтына қатысты да сөз болып отырған зерттеуден қыруар талдаулар мен ғылыми тұжырымдарды кезіктіруге болады. Мәселен, сөз болып отырған еңбектегі: «Ғұндар мен үйсіндерде ағасы өлсе оның әйелін інісі, інісі өлсе оның жесірін ағасы әмеңгерлікке алу – салт болып қалыптасқан, бұл тұқым-жұрағаттың құрып кетуінің алдын алуды, сондай-ақ рулық жүйені қорғауды көздеген шара еді» [5, 47], - деген секілді дәйектер мен ой-пікірлер ежелгі түркілердің этномәдениетін зерттеуде таптырмайтын дереккөз болып есептеледі. Бұдан тыс аталған зертеудегі ғұндар, сақтар, үйсіндер, юзилер, жоужандар, телелер т.б. ежелгі түркі тайпаларының материалдық және рухани мәдениетіне қатысты деректер мен тұжырымдардың құндылығын зерттеудің мазмұнындағы мынадай тақырыптардан да аңғаруға болады. «Шынжаңдағы ауылшаруашылық райондарының феодалдық қоғамға ілгерінді-кейінді өтуі» деп аталатын III тараудың бірінші тараушасы: «Диқаншылық райондардың феодалдық қоғамға өтуі және экономикалық, мәдени саладағы дамуы» деп аталатын болса, екінші тараушасы «Жоужан және басқа да көшпелі ұлттардың гүлденуі және Шынжаңдағы әрекеті» деп аталады. Ал IV тарау «Таң патшалығының Шынжаңды бірлікке келтіруі. Шынжаңда феодалдық-экономикалық және мәдениеттің дамуы» деп аталған болса, V тарау «Ұйғырлардың Шынжаңда негізгі ұлтқа айналуы. Шынжаңның феодалдық экономикасы мен мәдениетіндегі тың даму» деп аталған. Аталған тараулар мен тараушаларда ежелгі түркі тайпалардың мәдениетіне қатысты тарихи жазбалар мен Шынжаңнан табылған қазба жәдігерлер жан-жақты талданып, жеткілікті зерттелген болса, еңбектің өзге тараулары мен тараушаларында да өңірдегі саяси-экономикалық жағдайларға жасалған талдаулардың орайында жергілікті халықтардың мәдениеті мен өнеріне қатысты мәліметтер ретіне қарай беріліп отырады.

Қорытып айтқанда, Қытайдағы тарихшы-түрколог ғалымдардың қолынан шыққан «Шынжаңның қысқаша тарихы» деп аталатын көлемді ұжымдық еңбекті ежелгі түркі тайпаларының тарихы мен мәдениетіне қатысты іргелі зерттеу деп есептеуге толық негіз бар.

Ежелгі түркі тайпалары мен халықтарының тарихына, мәдениетіне қатысты тағы бір іргелі зерттеу «Орта Азия тарихы»

(ҚХР Үрімші: Шынжаң халық баспасы. 2004 ж. қытай тілінде) деп аталады. «Іргелі» деп отырған себебіміз – зерттеу еңбегі әрқайсысы 18-20 баспа табақтан тұратын жалпы 4 томнан құрам табады. 1-3 томдарының авторы - саналы ғұмырын ежелгі түркі тайпалары мен Орта Азия тарихын зерттеуге арнап келе жатқан, аты әлемге мәшһүр тарихшы-ғалым, профессор Ван Чжэлай. Осыған дейін де оның қаламынан туған «Орта Азия тарихы», «Орта Азия тарихынан тезистер», «Орта Азияның таяу заман тарихы», «Орта Азияның халықаралық қатынастар тарихы» қатарлы монографиялық зерттеулері әлемнің көптеген тілдеріне аударылып, әлемдік түркология ғылымының дамуына толымды үлес болып қосылған болатын. 4-ші томының авторы профессор Диң Дубын. Енді осы ғалымдардың сөз болып отырған төрт томдық іргелі зерттеуіндегі ежелгі түркі тайпаларының мәдениеті мен өнеріне қатысты көзқарастары мен тұжырымдарына қысқаша тоқталып көрейік.

Профессор Ван Чжэлай жазған үш томның алғашқы екі томы Орта Азия тарихының ежелгі кезеңін қаузады. Осы екі томда Орта Азия өңірін ежелден мекендеп келе жатқан ежелгі түркі тайпаларының тарихымен бірге мәдениеті мен өнері де кеңінен сөз болады. Мәселен, сөз болып отырған еңбектің алғашқы томының I тарауы «Орта Азияның ежелгі мәдениеті» деп аталады да, оның ішіндегі үш бөлімі жеке-жеке «Тас құралдар дәуіріндегі мәдениет», «Мыс құралдар дәуіріндегі мәдениет», «Темір құралдар дәуіріндегі мәдениет» деп аталады. Осы үш бөлімнен құралатын алғашқы тарауда ғалым ежелгі Орта Азия өңірінде өмір сүрген ежелгі адамдардан бастап, олардан кейінгі скиф-сақ, ғұн, деңлеңдердің мәдениетіне қазба жәдігерлер мен жазба деректерге сүйене отырып, жан-жақты талдау жасайды. Қытай ғалымы Ван Чжэлай сөз болып отырған еңбегінің аталған тарауында, Орта Азия өңірінен қазып алынған ежелгі тас, мыс, темір құралдар дәуіріне тән жәдігерлерге, сондай-ақ Қытайдың іші-сыртындағы, бұрынды-соңды жазба деректерге иек арта отырып, аталған аймақтың адамзат өркениетінің іргелі ошағының бірі екенін дәлелдеуге тырысады. Алайда, осы ежелгі мәдениет пен өркениеттің «авторлары» кім болған деген мәселеге келгенде, кейбір Батыс ғалымдарының еңбектеріне «жүгіне» келіп, әдейі қыңырға тартады. Яғни, «жалпы Орта Азия аймағын (шығыста Қытайдың Шынжаң өлкесі мен Ганьсу өлкесінің батыс бөлігіне дейін) ықылым замандарда үнді-еуропалықтардың мекені еді деуге болады» [6, 47], - деген пікірімен келісу қиын. Тұтас зерттеудің ұзына ырғасынан арақідік болса да

Д. Мәсімханұлы. Қытайдағы түркология ғылымының зерттелуі.

кездесіп қалатын осындай-осындай «бұра тартушылықтарына» сын көзбен қарай отырып, ондайды өз ұлттық мүддеміз бен нақты тарихи деректер тұрғысынан екшеп алуға тиіспіз. Мәселеге осы тұрғысынан қарай алатын болсақ, онда қытай ғалымы Ваң Чжэлайдың сөз болып отырған зерттеуінен Орта Азия аймағында өмір сүрген ежелгі түркі тайпалары мен бүгінгі түркі халықтарының тарихы мен мәдениетіне қатысты мол да құнды мағлұмат ала аламыз. Бұған көз жеткізу үшін профессор Ваң Чжэлайдың «Орта Азия тарихы» деп аталатын төрт томдық іргелі зерттеуінің алғашқы екі томының мазмұнына көз салсақ та жетіп жатыр.

I том:

I тарау. Орта Азияның ежелгі мәдениеті.

II тарау. Парсы Ахманид патшалығы кезеңіндегі Орта Азия.

III тарау. Ескендірдің Шығысқа жорығы және Орта Азиядағы Грекия патшалығы.

IV тарау. Қытайдың Орта Азиямен тікелей қарым-қатынас орнатуы.

V тарау. Солтүстік Ғұндар және Күсен империясы.

VI тарау. Күсен империясының күйреуі және Эфталиттердің өркендеуі.

VII тарау. Түркілердің этникалық төркіні және батыс Түрік қағанаты.

VIII тарау. Орта Азияның Таң патшалығы қарамағына өтуі.

IX тарау. Арабтардың Орта Азияға шапқыншылығы және ислам дінінің шығысқа таралуы.

X тарау. Орта Азиядағы араб үстемдігінің ыдырауы.

II том:

I тарау. Шығыс Иран және Самания патшалығы.

II тарау. Орта Азияның түркілену кезеңі.

III тарау. Хорезм шах патшалығы және Қара қытайлар.

IV тарау. Моңғұлдардың Орта Азияны бағындыруы.

V тарау. Шағатай хандығы мен Моңғұл үстемдігіндегі Орта Азия.

VI тарау. Юань патшалығы тұсындағы Орта Азия.

VII тарау. Темір империясы және Орта Азия.

VIII тарау. Ғират елінің Қытаймен қарым-қатынасы.

IX тарау. Хұсейін, Сұлтан Хұсейін және Темір патшалығының әлсіреуі.

X тарау. Темір патшалығының жойылуы.

Қарамаққа, бұл екі томдағы тараулардың аттары тұтастай таза тарихи мәселелерді қарастыратын секілді көрінгенімен, зерттеліп отырған тарихи, әлеуметтік мәселенің ретінде сол тұстағы түркілердің діни, әдеби, мәдени жағдаяттары жөнінде, материалдық мәдениеті туралы жиі сөз болып отырады. Атап айтқанда, сөз болып отырған еңбектің II томының «Шығыс Иран және Самания патшалығы» атты I тарауының «Саманилар патшалығы кезіндегі Орта Азияның экономикасы» дейтін 6-шы бөлімінде, сол тұстағы Орта Азия өңірінің саяси-экономикалық жағдайы ғана емес, рухани-материалдық мәдениеті де жан-жақты сараланады. Мәселен, «Саманилар патшалығы билік жүргізіп тұрған кезде Орта Азиядағы ішінара ішкі былықпалықтарды есептемегенде, жалпы бір ғасырға таяу уақыт сырттың шабуылына ұшыраған жоқ. Осындай орнықты жағдайдың арқасында, қоғамда өзіндік бейбіт орта қалыптасты да, экономика мен мәдениет саласы айта қаларлықтай даму арнасына түсті. Сөз болып отырған заманда, Орта Азияның экономикалық даму деңгейі күллі мұсылман елдері ішінде алдыңғы қатарда тұратын. Мәрви көгалы, Зэрәпшан және Қашғар өзені алқаптары, Ферғана, Ташкент, Хорезм қатарлы жерлер егіншілік саласының маңызды орталықтары болып есептелетін. Онда дәнді дақылдар мен пайдалы өсімдіктерден арпа, бидай, мақта, бұршақ түрлері, зығыр, кендір, жоңышқа, сондай-ақ сан алуан жеміс-жидектер (үзім, шабдалы, өрік, алма, анар, әнжүр т.б.), қауын-қарбыз қатарлылар әлемге әйгілі болатын. Мал шаруашылығы жағында, нәсілді жылқы, сиыр, түйе, қой қатарлы түліктер өсірілетін. Орта Азияда біздің жыл санауымыздан көптеген ғасыр бұрын-ақ суландыру жүйесі керемет дамыған болатын, ал Саманилар дәуіріне келгенде бұл салаға тіпті де ерекше көңіл бөлінді.

Сөз болып отырған уақытта Орта Азияның қолөнер өндірісі де айта қаларлықтай дамыды. Тіпті сол кездің өзінде қол өнер өнімінің бұнда өндірілмейтіні жоқтың қасы еді. Мақдизидің мәліметінше, «ол кезде Орта Азияның түкпір-түкпірінен сыртқа экспорт етілетін өнімдерінің ішінде: Термиздің сабыны, терек желімі, Бұқараның тоқыма бұйымдары, жайнамазы, кілемі, орда және қонақүйлердің едендеріне тасталатын паластар, шаш майы, мыс шырағандар, Самарқанның жалтырақ кездемелері, маталары, қағазы, алып мыс қазандары, мәнерлеп жасаған биік сирақты тостағандары, киіз үйлері, үзеңгілер, ауыздықтыр, айыл-тартпалар, Жызактың жоғары сапалы қой жүні және жүннен істелген киім-кешектері Ташкенттің жылқы терісімен қапталған ер-тұрманы, қорамсағы, киіз үйі, жамылғысы,

сауыты, инесі, шыны-аяғы, қайшысы; Ферғананың құрал-жабдықтары, болат-темірі; Таластың ешкі терісі; Самарқанның Әлфаршаһына қарасты Уыйдар ауылының маталары; Хорезмнің қара бұлғын терісі, ақ сусар терісі, үпілмәлік майы, мәнерленген жылқы терісі, қанжар, темір сауыттары т.с.с. бар еді» [7, 28].

Тағы бір мысал, «ХІ ғасыр – Орта Азияның түркілену дәуірі. Бұл кездің ерекшелігі көшпелі түрік шаруаларының зор көлемде ежелгі мәдениеттің аймағына көшіп келуі болып табылады. Негізінде түркілердің мәдениеті біршама мешеу еді де, Орта Азияға келіп мемлекет құрғаннан кейін Иран мәдениетін қабылдады әрі ұрпақтарына түркілердің дәстүрлі мәдениетін мирас етіп қалдырды. Сонымен жыл санауымыздың ХІ ғасырындағы Орта Азия аймағы мейлі саяси тұрғыда болсын, мейлі мәдениет жағында болсын, мүлде жаңа сапаға көтерілді» [7, 134].

Аталған еңбектің осы біз сөз етіп отырған томының кез келген тарауында ежелгі түркі қағандығының тарихымен бірге, олардың тыныс-тіршілігі, әкімшілік-басқару құрылымы, егіншілік, малшылық өнері, діни сенім-нанымы, мәдениеті мен өнері т.б. кеңінен сөз болады. Атап айтқанда, қытай профессоры Ваң Чжэлайдың пайымдауынша, «жыл санауымыздың ХІ ғасырында, Түркі патшалықтары Орта Азияға үстемдік жүргізген кезде, мейлі Қашғарда, Түркістанда болсын немесе Хорезм, Хорасан, Ғазнәуиде болсын, экономика, мәдениет т.б. салалар бұрын болмаған деңгейде өркендеп, көптеген әйгілі ғалымдар өмірге келді. Бұны сол кездегі шығыс пен батыс барыс-келісінің жиілегенінен бөле қарауға болмайды. Бағдат қаласымен тығыз қарым-қатынаста болған Орта Азиядағы барлық мұсылман елдері Қараханилар мен ұйғырлар арқылы қытай мәдениетінің де ықпалына ұшырап отырды. Ғазнәуилер патшалығы Үндістанға басып кіргенде, оңтүстік мәдениетінің солтүстікке таралуына мұрындық болды. Міне осы жағдайлардың бәрі Орта Азияның барлық өңіріндегі мәдениеттің дамуына игі ықпал етті» [7, 147].

Бұндай қызықты деректерге толы мысалдарды әлі де көптеп келтіре беруге болады. Алайда біздің мақсат, Қытайдағы түркологиялық зерттеулерге шолу, сараптама жасау болғандықтан, бұл кітап туралы сөздің тізгінін осы арада іркіуге мәжбүрміз. Ал сөз болып отырған еңбектің қалған екі томында ХVІ ғасырдан бері қарайғы Орта Азия тарихы хронологиялық тәртіппен жалғасады да, соңғы томның соңғы тарауы КСРО-ның ыдырап, Орта Азиядағы елдердің тәуелсіздік алған жылдарына келіп бірақ тіреледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Қытай тарихының оқулығы* (қытай тілінде). ҚХР Пекин: Академия баспасы. 2012. -490 б.
2. *Сөз теңізі* (I том. қытай тілінде). ҚХР Шаңхай: Сөздік. 1999.- 2036 б.
3. *Чжұңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер* (I том). ҚХР Пекин: Ұлттар баспасы.1998. – 916б.
4. *Тарихи жазбалар* (ескі қытай тілінде). 111-ші бума, Ғұн баяны.
5. *Шынжаңның қысқаша тарихы* (I том). ҚХР Үрімжі: Шынжаң халық баспасы,1980. -618 б.
6. *Орта Азия тарихы* (I том, қытай тілінде). ҚХР Үрімші: Шынжаң халық баспасы. 2004.-490 б.
7. *Орта Азия тарихы* (II том, қытай тілінде). ҚХР Үрімші: Шынжаң халық баспасы. 2004.-577 б.

**ҚАЗІРГІ ОТАНДЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ДӘСТҮРЛІ
МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ
АСПЕКТІЛЕРІ**
ETHNOGRAPHIC ASPECTS OF TRADITIONAL MATERIAL
CULTURE IN THE MODERN DOMESTIC RESEARCH

Г.Ж.ПРИМКУЛОВА*

Түйіндеме

Этностың дәстүрлі заттай мәдениетін дәстүрлі және қазіргі заманғы түсініктері бойынша зерттеу отандық этнологияның өзекті мәселелерінің бірі. Қазақтың материалдық мәдениеті отандық этнография саласының негізгі бағыты болып келеді. Мақалада отандық ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектеріндегі қазақтың дәстүрлі материалдық мәдениетін ғылыми тұрғыда қарастыруға бағытталған этнографиялық жеке және ұжымдық жарияланымдары көрсетіледі. Сонымен қатар, қазақтың дәстүрлі материалдық мәдениетінің этнографиялық аспектілері сөз етіледі.

Түйін сөздер: Этнос, материалдық мәдениет, елді мекендер, тұрғын үй, дәстүрлі киім, ұлттық тағам жүйесі.

Summary

A comprehensive study of the material culture of any ethnic group in the traditional and the modern sense is one of the major problems of ethnography. The material culture of Kazakhs is one of the important directions of national Ethnography. This article discusses the ethnographic works of domestic scientists and researchers, aimed at studying the traditional material culture of Kazakhs. And also considered scientific research and collective works, dedicated to the ethnographic aspects of the traditional material culture of Kazakhs.

Keywords: Ethnicity, material culture, human settlements, housing, traditional clothing, traditional power supply system.

Әр халықтың өзіне тән, тарихи-әлеуметтік даму ерекшеліктері мен өмір-тіршілігіне, тұрмыс-салтына, дәстүрлеріне байланысты дүниетанымдық, материалдық, мәдени құндылықтары қалыптасады. Қазақтың этномәдени құндылықтарының бір саласы – материалдық мәдениет бөліктері: тұрғын үй, тағам және ыдыс жүйесі, киім мен әшекей бұйымдары. Халқымыздың тарихи-шаруашылық, тұрмыс-тіршілік болмысына байланысты: аңшылығы, саятшылығы,

* тарих ғылымдарының кандидаты, Тарих кафедрасының доценті, Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан-Қазақстан.
Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Department of History, International K.A.Yassawi Kazakh-Turkish University, Turkistan-Kazakhstan, E-mail: gauhar-0068@mail.ru

ағаш, тері, жүн өңдеуге қатысты қолөнері, зергерлік өнері т.б. саналуан өнерлері. Халқымыздың кәсібі мен тұрмыстық мәдениетін, материалдық құндылығын жан-жақты зерттеген: Ә.Марғұлан, К.Ақышев, Х.Арғынбаев, Т.Басенов, Б.Байжігітов, Ө.Жәнібеков, С.Қасиманов, Э.Масанов, т.б. еңбектерінде, ұлттық заттай мәдениет белгілерінің дамуы, тарихи, этнографиялық аспектілері, рухани-материалдық құндылық ретіндегі әлемдік мәдениет аясындағы алатын орны және тәлімдік маңызы бағаланған.

Материалдық мәдениеттің түсінігі негізінде үш өзара тұтастық мағыналардың жиынтығынан тұрады: а) кең мағынада – оны адам еңбегімен жасалған нақты қоғамның көп қызметті өзара байланысты материалдық-заттық нәрселерінің жиынтығы деп қарау; б) орта деңгей мағынасында – қоғамның материалдық талаптарын қамтамасыз етуге бағытталған барлық материалдық заттар мен олармен байланысты дағдылар ретінде; в) дәстүрлі мағынада – этностың тікелей өмірін қамтамасыз етуге бағытталған мәдениеттің заттай көрініп тұрған формасы ретінде. Мұндай формаларға ұйымдасқан және өзара байланысты көріністерге елді мекендер, тұрғын үйлер кешені, олардың қажетті қосымша бөліктері ретінде киім мен тамақ жүйесі жатады [1, 5-6].

Материалдық мәдениет қай халықтың болмасын саналы өмір болмысы. Қазақтардың дәстүрлі материалдық мәдениеті көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтына байланысты дәстүрлі ерекшеліктерді сақтап, халқымыздың қайталанбас болмыс-бітімін, ой-дүниетанымын білдіреді. Материалдық мәдениеттің дамуында, халқымыздың бай тарихи дәстүрі мен жергілікті салт-дәстүрі, эстетикалық талғамы мен әсемдік ерекшеліктері бой көрсетеді. Материалдық мәдениеттің қалыптасуы қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық жай-күйімен де байланысты.

Қазіргі таңда материалдық мәдениеттің маңызды аспектілеріне бірнеше тарихи-этнографиялық облыстар шеңберінде нақтылы этностың материалдық мәдениетіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау ғана емес, сонымен қатар олардың этникалық дәстүріне байланысты зерттеліп отырған отбасылардың материалдық-қаржылық мүмкіндігіне, отбасылық, жыныстық және жас ерекшеліктерінің ұқсастықтарына, айырмашылықтарына, діни наным-сеніміне және әдет-ғұрыптарға т.б. тәуелділігін анықтау да жатады. Саналған факторлардың әрқайсысы дәстүрлі-тұрмыстық мәдениеттің бөліктерінің сақталуына, өзгеруіне немесе ауысуына

жекелей, немесе жинақты мағынада шешуші ықпал ете алады.

Н.Сәбитовтің [2], Е.А.Масановтың [3], И.В.Захарованың [4], Х.Арғынбаев пен Н.Әлімбаевтың [5] және т.б. жарық көрген этнографиялық еңбектерінде 1950 жылдардың ортасына дейінгі жарияланған қазақ халқының материалдық мәдениетінің дамуы айқын көрініс тапқан этнографиялық зерттеулер жан-жақты қарастырылып, зерттелген.

Қазақ халқының материалдық мәдениетін ғылыми дәрежеде зерттеуге көрнекті этнограф, фольклорист Н.С.Сәбитов көп үлесін қосты. 1950-шы жылдары Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірлерінде жиналған көлемді экспедициялық материалдар негізінде қазақ колхозшыларының материалдық мәдениеті мен қоғамдық өміріне, отбасылық тұрмысына қатысты мақалалары жарық көрді [6].

ҚР ҰҒА Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ұйымдастыруымен 1947 жылы Ресей ғалымы Н.Н.Чебоксаров бастаған КСРО ҒА Этнография институтының ғалымдарының қатысуымен кешенді антропологиялық-этнографиялық экспедициясы жүрді. Зерттеу барысында қазақтардың материалдық және рухани мәдениетіне көңіл бөлініп, халықтың қоғамдық өмірі мен отбасы тұрмысындағы ерекшеліктері қарастырылды [7]. Осы кезеңде Қазақстанда тағы да бірлескен ғылыми экспедициялар ұйымдастырылды. Белгілі ресей этнографтары А.О.Корбе, Е.И.Махова 1950-1953 жж. аралығында зерттеу тақырыптары бойынша арнайы этнографиялық бағдарламалар мен нұсқауларды қолдана отырып, ауыл қазақтарының мәдениеті мен тұрмысы туралы, қазақ этносының дәстүрлі этнографиясына да қатысты бай материал жинақтады [8].

Қазақ халқының материалдық мәдениетінің түрлі мәселелерін зерттеуге ҚазССР Ғылым Академиясының Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының этнографтары Ғ.Н.Уәлиханов, И.В.Захарова, В.В.Востров, Р.Д.Ходжаева, Х.А.Қауанова т.б. ғалымдар қомақты үлесін қосты.

1950-ші жылдары жарияланған алғашқы арнайы еңбектердің бірі И.В.Захарованың мазмұнды мақаласы болып саналады [9]. Ондағы бай экспедиция материалдарының өзге де дерек көздерімен ұштастырылуы негізінде Алматы және Жамбыл облыстарының колхозшы қазақтарының материалдық мәдениетінің басты аспектілері қозғалған. Ауылдық елді мекендерді зерттеу нәтижесінде автор кеңес дәуіріндегі, соның ішінде соғыстан кейінгі уақытта болған өзгерістерді жан-жақты

қарастырған. Біз бұған үйлердің сыртқы көріністеріндегі, дәстүрлі жоспарларындағы, құрылыс техникасындағы өзгерістерді жатқызамыз. Колхозшы қазақтардың тағамға қарағанда, киімдерінің ұлттық қалыптан қалалық түрге өзгеріп бара жатқаны, ал тұрғын үйде қолдан жасалған заттарды сатып алынған өндірістік өнімдер ығыстырып бара жатқандығы дұрыс көрсетілген.

1960 жылдардан бастап әлем халықтары арасында өзінің өткен тарихын, әдет-ғұрпы мен салт дәстүрін, материалдық мәдениетіне жаңғырту үрдісіне бет бұру байқалды. Мұндай шаралар қазақ халқының ежелгі мәдениеті, дүниетанымы, материалдық мәдениеті қандай дәрежеде екендігін зерттеуде де бірқатар этнографтар болды. Олардың қатарында Х.Арғынбаев, М.Мұқанов, олардан бұрынырақ зерттеу жұмысын тікелей археологиялық және этнографиялық сипатта жүргізген академик Ә.Марғұлан, Мәселен, А.Х.Марғұланның «Казахская юрта и ее убранство» деп аталатын еңбегінде киіз үйдің сүйегінің барлық атаулары мен оның жасау-жабдығына түгелдей тоқталған.

1961 жылы қазақтардың отырықшы тұрғын үйлерінің даму тарихы туралы В.В.Востровтың зерттеулері жалғасын тапты. Ғалым жеткілікті кәсіби дәрежеде XIX ғасырдан бастап XX ғасырдың 50-ші жылдарына дейінгі отырықшы қазақтардың тұрғын үй түрлерінің қалыптасу үрдісін қарастырды. Ол тұрғын үйлер дамуының негізгі кезеңдерін анықтап, қазақтардың көшпеліліктен отырықшылыққа ауысуына байланысты өмірі мен тұрмысындағы өзгерістерді, өзге халықтардың қазақтардың тұрғын үйінің дамуы мен жетілуіне тигізген ықпалын көрсетті.

Зерттеу мәселемізге И.В.Захарова мен Р.Д.Ходжаеваның 1964 жылы XIX-XX ғғ. басындағы қазақтардың ұлттық киіміне арналған зерттеулері маңызды орын алады. Көптеген тарихи-этнографиялық, мұрағаттық, мұражай және ел арасынан жинаған материалдар негізінде, авторлар ұлттық мәдениеттің жетекші формасы ретінде қазақтың дәстүрлі киімдерінің қалыптасуы мен негізгі аспектілеріне терең ғылыми талдаулар жасаған. Бұл еңбекте әйелдер және ерлердің киімі мен бас киімі, аяқ киімдері бойынша, ұлттық әшекейлері туралы мәліметтер, яғни ұлттық киімнің кешенді және жеке бөліктерінің ерекшеліктерін, сондай-ақ киімнің негізгі элементтерінің Қазақстанның түрлі аймақтарында, таралу дәрежесін көрсететін қажетті фотосуреттер мен кескіндеулер арқылы берілген. Авторлар одан кейінгі кезеңде қазақтардың ұлттық киімдерінің құрамдас

бөліктерін топтау және картографиялау бойынша жұмыстарын жалғастырды.

1967 жылы Алматы облысының Талдықорған ауданының Жетісу және КПСС-тің XXII съезі атындағы колхоздардың тұрғындарын стационарлы зерттеу негізінде жазылған "Культура и быт казахского колхозного аула" атты ұжымдық монография басылып шықты [10]. Зерттеуде ауыл өміріндегі елу жылда болған, соның ішінде материалдық мәдениет саласындағы: елді мекендері, тұрғын үйлері, киімдері мен әшекей бұйымдары, тағамдары мен жиһаздарындағы терең өзгерістер тұжырымдалған.

Сондай-ақ, Кеңес билігі кезеңіндегі қазақ жұмысшылары мен шаруаларының материалдық мәдениетіндегі өзгерістер 1970 жылы В. В. Востров пен Х. А. Қауанованың бірігіп жазған монографиясынан көрініс тапты [11]. Бұл еңбекте жаңа, жалпы кеңестік және дәстүрлі мәдениет элементтерінің этникалық және әлеуметтік ортаға байланысты өзгеруі мен дамуын жан-жақты көрсетіп сипаттаған. 1989 жылы жарық көрген В. В. Востров пен И. В. Захарованың "Казахское народное жилище" деген кітабында [12] оңтүстік және оңтүстік-шығыс Қазақстан өңірі бойынша материалдар жеткілікті берілген. Аталған құнды монография ұзақ тарихи дәуір бойындағы қазақ тұрғын үйлерінің әр түрі бойынша қорытынды және түйінді зерттеу болып табылады. Әр түрлі дерек, құжат, экспедициялық мәліметтермен қоса, республика аймақтарындағы, соның ішінде оңтүстікте қысқы үйлердің тағы да басқа жергілікті нұсқадағы стационарлық тұрғын үйлердің барлық типтеріне талдау жасалған.

Сондай-ақ 70–80 жылдары қазақтың тұрмыс тіршілігінің жай-күйін этнографиялық тұрғыда сипаттаған қоғам қайраткері, әрі этнограф мәдениеттанушы ғалым Ө. Жәнібеков сынды тұлғалар болды. Бұл атақты ғалымдардың дәстүрлі мәдениеттің жан-жақтылығы жөніндегі еңбектері ең шоқтығы биік еңбектер қатарынан саналады. Бұл еңбектерде киіз үй заттық мәдениет тұрғысынан қарастырылған. Ө. Жәнібековтің киіз үй мен жалпы тұрғын үйлерге қатысты, сонымен бірге олардың ішкі жасау-жабдықтарына тоқталып өткен көлемді еңбектері тарихшы этнографтар және мәдениеттанушылар үшін бірден бір құнды еңбек. Ол «Жолайрықта», «Уақыт керуені» деп аталтын еңбектер.

М. Мұқановтың 1981 жылы шыққан «Казахская юрта» деп аталатын еңбегінде киіз үйдің қаңқасы, оның атаулары, құрылуы, барлық жасау жабдығы, оның ішкі интерьері, сондай-ақ ішкі

интерьеріндегі киіз, тоқыма, кестелеу өнерінің туындылары мен ағаш және теріден жасалған бұйымдардың бәріне жан-жақты тоқатылып, бүгінде киіз үйдің сувенир ретінде де үлкен сұранысқа ие болып отырғандығын, сонымен бірге киіз үйдің бастауын, яғни шығу тегін де жан жақты сөз өткен. Ең бастысы – зерттеу еңбегінің соңында киіз үйдің қаңқасы мен жасау-жабдығына қатысты анықтамалық сөздіктерге түсініктеме беріп кеткен өте құнды еңбек.

Материалдық мәдениет түрлерінің қалыптасуы, олардың тарихи дамуы туралы тарихи және палеоэтнологиялық тұрғыда жазылған еңбектер де оқулық мазмұнын аша түседі. Х. Арғынбаевтың «Қазақ халқының қолөнері» деп аталатын еңбегінде киіз үйдің сүйегі, оның жасау жабдығы мен түрлеріне тоқтала отырып, ағаш ұқсату, темір, тері ұқсату мен сүйек және мүйіз ұқсатудың қыр сыры мен технологиясына, сондай ақ олардан өңделген қолөнер бұйымдарының әрқайсысына тоқталып өткен.

ҚР ҒА Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты этнология бөлімінің «Казахи: Историко-этнографическое исследование» (1995) атты жарық көрген ұжымдық монографиясында қазақ халқының материалдық мәдениетінің дәстүрлі аспектілері жан-жақты қамтылған. Мысалы, көрнекті ғалымдар М. С. Мұқанов, И. В. Захарова, Р. Д. Ходжаевалардың тікелей қатысуымен материалдық мәдениеттің негізгі элементтері, яғни көшпелі және отырықшы тұрғындардың елді мекендері мен тұрғын үйлері; киімі мен зергерлік бұйымдары; тағамы мен ыдыс-аяқтары зерттелген [13]. Көптеген материалдар мен деректердің қамтылуы негізінде, оның ішінде: революцияға дейінгі авторлардың еңбектері, мұрағат, мұражай және ел арасынан жиналған этнографиялық материалдар, зерттеудің құндылығын арттыра түседі.

Бұл еңбектерге қазақ этнографы С. Е. Әжіғалидің ғылыми ізденістері жақын. Ол өзінің зерттеулерін Қазақстанда алғашқылардың бірі болып археология, этнология, өзге де ғылымдар тоғысында жүргізіп келеді. Және бұл ең алдыңғы кезекте Оңтүстік Қазақстан қазақтарының малшы-егінші отырықшы қоныстарына қатысты. Қыстақтар, автордың пайымдауынша, аталған аймақ қазақтарының елді мекендерінің дәстүрлі жүйесінің негізін құраған. Сондай-ақ ол тұрғын үйлердің негізгі типтерін (уақытша және стационарлық), олардың функционалдық нұсқаларын т.б. көрсетеді [14].

Қазақстанның әр түрлі өңіріндегі, соның ішінде Оңтүстік Қазақстан, Сырдария және Жетісудағы қазақ халқының материалдық

мәдениетін, оның ішінде темірден көркемдеп жасаған бұйымдарды жан-жақты зерттеген ғалымдардың бірі Ш. Ж. Тохтабаева [15]. Бұл зерттеулердің құндылығы болып қазақ халқының көркем дәстүріндегі темір пластикадан жасалған бұйымдарын түркі, монғол және басқа шығыс халықтардың көркем өнерімен тығыз байланыстырып қарағандығы саналады. Автор сонымен қатар, қазақ халқының зергерлік бұйымдарын жасауда семантикалық және діни магиямен байланысты екендігіне терең талдау жасаған.

Отандық этнографтар арасынан Н. Ж. Шаханованың еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Бастапқы кезде ғалым қазақтардың дәстүрлі тағамдар жүйесінің әр қырын зерттеуге үлкен үлес қосса, кейін келе ғылыми-зерттеу аясы кеңейе түседі. Оның қазақтардың дәстүрлі мәдениетінің этнографиялық аспектілерін зерттеуге арналған кейінгі монографиясында киіз үй, тағам, киім т.б. материалдық мәдениеттің негізгі бөліктеріне жан-жақты семантикалық талдау жасалады [16]. Алғаш рет олардың әдет-ғұрыптық функцияларды атқаратындығына назар аударылды. Ғалым пайдаға асатын заттардың, әдет-ғұрыптық әрекеттердің және белгілі бір функциялардың символикалық мазмұнына көп көңіл бөлген және ең құндысы – қазақ және өзге де түрік этностарының материалдық-рухани мәдениетін қамтитын жалпытүріктік "құт" категориясы арқылы талдау жасаған.

Мекен-тұрақтар мен жылжымалы үйлер жүйесін түрлі қырынан Н. Әлімбаев, М. С. Мұқанов және Х. Арғынбаевтың қазақтардың өмір сүруін қамтамасыз ететін дәстүрлі мәдениетін теориялық және нақты тарихи-этнографиялық зерттеуге арналған ұжымдық монографиясы зерделейді [17]. Олар тіршілікті қамтамасыз ету механизмін көшпелі этникалық, экологиялық жүйенің неғұрлым үйлесімді, материалдандырылған, технологиялық құрылымы ретінде терең де жүйелі түрде қарастырады. Елді мекендердің дәстүрлі жүйесі түрлі мақсаттағы жылжымалы және тұрақты тұрғын үйлерге, әртүрлі нысандағы шаруашылық құрылыстарға т.б. объектілерге қатысты зерделенеді. Қазақтардың елді мекендерінің дәстүрлі жүйесін архитектуралық-жоспарлық және құрылымдық сипаттауы бүкіл Қазақстан шеңберінде зерттелген.

Д. Қатранның қазақтардың дәстүрлі тағамының түрлі аспектілерінің, олардың тіршілігін қамтамасыз ету мәдениеті туралы «Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті (тарихи-этнологиялық зерттеу)» құнды еңбек болып табылады [18]. Алғашында отандастарымызды монғол диаспорасы ретінде, ал қазір жалпы

республика қазақтары бойынша он жылдам астам осы мәселемен айналысқан автордың еңбегі жүйелілігімен және теориялық дайындылығымен ерекшеленеді. Ол мұрағат құжаттарының, Монғолияда, республиканың түрлі облыстарында, соның ішінде оңтүстік облыстар да өзі жасаған экспедициясының, барған сапарларының жазба деректерін көптеп тарту негізінде жазылған. Өзара байланысты үш тарауда дәстүрлі тағамдардың (ет-сүт-өсімдік) орны, отбасылық қонақ және көпшілікке арналатын тағамдардың түрлері, сондай-ақ оларға қатысты атқарылатын әдет-ғұрыптар жан-жақты зерделенеді.

Сондай-ақ, қазақтардың шаруашылық өмірі мен қызметінің түрлі саласындағы ұлттық дәстүр мен әдет-ғұрыптарға көңіл бөлу мақсатында 2001 ж. С. Е. Әжіғалидің редакциясымен басылған ҚР ҒА Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының этнология бөлімінің ғалымдары дайындаған «Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткені мен бүгіні» академиялық жинақ назар аудартады [19]. Бес бөлімнен тұратын жинақ материалдары нақты экспедициялық зерттеулерге негізделіп, 1998 жылдың жазы мен күзіндегі Қазақстанның 14 облысындағы қазақ халқын жан-жақты этномәдени зерттеу мәліметтерінен құралған. Оның ішінде, әсіресе маңыздысы – біз көтеріп отырған мәселенің аймақтық ерекшеліктерін және шаруашылық пен тұрмыстағы әдет-ғұрыптарын көрсететін жинақтың екінші және үшінші бөлімдері. Оларға Ү. Қыдыралиннің Маңғыстау қазақтарының тұрмысын, А. Ү. Тоқтабаев пен Ж. М. Сейтқұлованың қазақтардағы малдың негізгі түрлерін, С. К. Сағынаева мен А. А. Қоспанованың қазақ қоғамындағы қонақжайлылық институты негізінде, Д.Қатранның қазақ этносының дәстүрлі тағамы бойынша әр түрлі этнографиялық мәліметтерін жатқызуға болады.

Қазақтың дәстүрлі материалдық мәдениетін зерттеу ХХ ғ. 90-шы жылдарында ерекше қарқын алды. Бұл бағытқа С. Ж. Жолдасбаевтың археология, тарих және палеоэтнографияны түйістірген ғылыми ізденістерін жатқызуға болады. С. Ж. Жолдасбаевтың бұл еңбектерінде XVI-XVIII ғасырлардағы Сырдарияның ортаңғы ағысы, Қаратаудың солтүстік жоталары, Оңтүстік Қазақстанның өзге де жерлеріндегі қазақтардың тұрғын үйлері жан-жақты зерттелді. Бұл аталған мәселені зерттеуде ортағасырлық шығыс, XVIII-XIX ғасырлардағы орыс және қазақтың халық ауыз әдебиеті (эпостар, поэмалар, өлендер т.б.)

деректері пайдаланылған. Ол көрсетілген кезеңдегі отырықшы мекендерді егжей-тегжейлі зерттеп, олардың тарихи-топографиялық сипаттамасын береді және 1960-шы жылдардағы археологиялық еңбектерді баяндайды. Сонымен бірге, мекен-жайлардың құрылысын, бөлмелердің ішкі жабдықталуын және шаруашылық қора-қопсыларды, ыдыс-аяқ пен керамиканы, сондай-ақ, киім-кешек пен ою-өрнектерді археологиялық-этнографиялық түрде сипаттап, жіктеп өте тартымды дәрежеде берген. С. Жолдасбаев осындай жан-жақты зерттеуді 1990-шы жылдары Жетісуда жүргізді. Оған дәлел ретінде XV-XVIII ғасырлардағы қазақтардың мекен-жайлары мен қыстауларының даму тарихы турасында табысты қорғаған докторлық диссертациясын жатқызуға болады [20].

Археологиялық-тарихи және архитектуралық-өнертанушылық сипаттағы көптеген құнды мәліметтер Қазақстанның жекелеген аймақтарына арналған тарихи және мәдени ескерткіштер жинағында бар. Олар өз кезінде «Казпроектреставрация» республикалық институты қатысуымен және т.ғ.д., академик М. Х. Асылбеков, К. М. Байпақов, Б. Тұяқбаева т.б. басшылығымен Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты ғылыми қызметкерлерінің көп жылдық еңбегінің нәтижесінде дайындалған еді [21]. Бұл еңбектерде ежелден бастап XX ғасырдың 20-30-шы жылдарына дейінгі әрбір ауыл, қаладағы елді мекендердің пайда болу тарихын жан-жақты қамтып зерттелді. Әсіресе фотосуреттері, суреттері, сызбалары бар қыстаулар мен үйлер зерттеуге қызығушылық туғызады.

Халқымыздың ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан өте бай мәдениет және өнер туындылары көшпелі өмір салтына сай қалыптасты. Материалдық мәдениет қай халықтың болмасын саналы өмір болмысының мәйегі, сан ғасырлық нәтижесі. Көшпелі өркениеттің өркен жайғанын білдіретін бірден-бір құбылыс. Қазақтардың материалдық мәдениеті көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтына байланысты дәстүрлі ерекшеліктерді сақтап қалды.

Осы орайда қазақ халқының материалдық мәдениеті де халқымыздың қайталанбас болмыс-бітімін, ой-дүниетанымын білдіреді. Материалдық мәдениеттің дамуында, халқымыздың бай тарихи дәстүрі мен жергілікті салт-дәстүрі, эстетикалық талғамы мен әсемдік ерекшеліктері бой көрсетеді. Қазақтардың материалдық

мәдениетінің қалыптасуы қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық жай-күйімен де байланысты. Халқымыздың аса бай тарихи және мәдени мұрасы, оның ою-өрнегі, озат ісмерлігі, қолтума өнерінің қайталанбас туындылары, киім-кешегі ұлттық мақтанышымызды білдіретін туындылар. Қазақ халқының материалдық мәдениетін зерттеу біз жоғарыда көрсеткен мәліметпен және хронологиялық шеңбермен ғана шектелмейді. Қазақ этнографиясының негізін қалаған ғалымдардың халқымыздың бай заттай құндылық мұрасы мәселесін зерттеуде көптеген ғылыми ізденістері терең және толық қарастыруға мүмкіндік береді. Оған қоса осы салада ұлттық этнографтар бастаған мектептің шәкірттері сол істі жалғастырып, қазіргі ғылымның дамуына өз үлесін қосып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Арутюнов С. А., Бентцин У., Вайнхольд Р. *Введение // Материальная культура: свод этнографических понятий и терминов. Вып. 3. – М., 1989. – С. 3–15.*
2. Сабитов Н. С. *Работа по изучению культуры и быта казахского аула (Обзор материалов этнографической экспедиций за 1946–1951 года) // Вестник Академии Наук КазССР. – 1952. – № 3. – С. 89-94.*
3. Масанов Э. А. *Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. – Алма-Ата: Наука, 1996. – 199 с.*
4. Захарова И. В. *Этнографическое изучение Казахстана за годы Советской власти // ИАН КазССР. Серия истории, экономики, философии и права. – 1959. – Вып. 3. – С. 77-93.*
5. Алимбаев Н., Аргынбаев Х. *Этнографическая проблематика в историографии конца 30–50-х гг. // Историческая наука Советского Казахстана (1917–1960 гг.): Очерки становления и развития. – Алма-Ата, 1990. – С. 43-60.*
6. Сабитов Н. С. *Культура и быт казахского колхозного аула // Вестник Академии Наук КазССР. – 1950. – № 10. – С. 51-60.*
7. Чебоксаров Н. Н. *Комплексная антрополого-этнографическая экспедиция в Казахстане // Краткие сообщения Института этнографии АН СССР. – 1949. – Т. 6. – С. 9-19.*
8. Корбе О. А., Махова Е. И. *Экспедиции в Казахстан // КСИЭ АН СССР. – 1952. – Т. 14. – С. 39-52.*
9. Захарова И. В. *Материальная культура казахов-колхозников Юго-Восточного Казахстана (по материалам Алма-Атинской и Джамбульской областей) // Труды ИИАЭ АН КазССР. – Т. 3. Алма-Ата, 1956. – С. 105-189.*
10. *Культура и быт казахского аула. – Алма-Ата: Наука, 1967. – 304 с.*
11. Востров В. В., Кауанова Х. А. *Материальная культура казахского народа на современном этапе. Алма-Ата: Наука, 1972. – 272 с.*
12. Востров В. В., Захарова И. В. *Казахское народное жилище. Алма-Ата: Наука, 1989. – 181 с.*

Г.Ж.Примкулова. Қазіргі отандық зерттеулердегі дәстүрлі материалдық...

13. *Казахи*. Историко-этнографическое исследование. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 352 с.
14. Аджигалиев С. И. *Культурно-исторические инновации в традиционной системе скотоводческого поселения казахов середины XIX в.* (к вопросу о генезисе стационарных кыстау // Культура кочевников на рубеже века (XIX-XX, XX-XXI вв.): Проблемы генезиса и трансформации: Материалы международной конференции. – Алматы, 1997. – С. 133-152.
15. Тохтабаева Ш. Ж. *Казахские женские ювелирные украшения: Альбом*. – Алма-Ата: Өнер, 1985. – 226 с.
16. Шаханова Н. Ж. *Мир традиционной культуры казахов* (этнографические очерки). – Алматы: Қазақстан, 1998. – 184 с.
17. Алимбай Н., Муканов М. С., Аргынбаев Х. *Традиционная культура жизнеобеспечения казахов*. Очерки теории и истории. – Алматы: Ғылым, 1998. – 234 с.
18. Қатран Д. *Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті* (тарихи-этнологиялық зерттеу). – Алматы: КазМЭРЗИ, 2002. – 208 с.
19. *Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткені мен бүгіні*. Мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 2001. – 428 б.
20. Жолдасбаев С. Ж. *Жетісу аймағындағы елді-мекендер мен тұрақ жайлардың даму тарихы мен олардың экономикалық тиімділігі (XVI-XVIII ғғ.)*: Тарих ғыл. докт. дисс. авторефераты. – Алматы, 1997. – 48 б.
21. *Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан*. – Т.1. Южно-Казахстанская область. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1994. – С. 367.

УДК 930.271:94(5)

**ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР БОЙЫНША ТҮРІК ҚАҒАНАТЫ ДӘУІРІНІҢ
ЗЕРТТЕЛУІ**
THE INSCRIPTION KAGANATS THE EPOCH TURK ON FACTS
STUDY

У. А. АЛМЕНБЕТОВА*

Түйіндеме

Мақалада тарих ғылымындағы көне әдебиет, көне мұралар, ежелгі деректердің жинақталу үрдісі, ұзаққа созылған кезеңдердегі зерттелуі жайына талдау жасалады.

Кілт сөздер: Вербалды тарих, этногенез, көне түркі ескерткіштері, тастағы жазулар, көне деректер, ауызша шежіре.

Summary

In this article considered process collection springs on ancient to literature, on the antique to legacy, and so and the history of investigation on chosen shall to periods.

Keywords: bervalisin history, atnogenesis, ancient of turkic monuments, notes stone, ancient facts, orally annal.

Тарихтың қай кезеңін алсақ та, бәрі көне әдебиетке, көне мұраларға, ежелгі деректерге барып тірелетіні анық. Қазіргі кезде қазақ әдебиетінің Қазақстан тарихымен біте қайнасқан, бір-бірімен үндес, жалғас, байланыста келе жатқаны белгілі. Тарих сахнасында екі сала қалыптаса бастады, олар: кәсіби тарихшылар, екіншісі кәсіпқой тарихшылар. Алдыңғысы тарих саласымен нақты айналысып келе жатса, кейінгісі соған жалғасып, ол өз жағынан дәстүрлі үрдіске айналуда.

«Тарих біздің меншікті болмыс-тұрмысымыздың аумағын кеңейтеді: оның шығармашылық күшімен барлық заманның адамдарымен өмір сүреміз, оларды көреміз және естиміз, сүйеміз және де жек көреміз» - деп орыстың үздік классигі Н.М. Карамзин жазған.

Осы уақытқа дейін тарих ғылымының жинақталу үрдісі қиынға әрі ұзаққа созылған кезеңдері жүрді, жазбаша және оқиғаның тіркелімге

* тарих магистрі, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Еуразия» ғылыми зерттеу орталығы, Астана/Қазақстан
the history magister, The L.N. Gumilyov Eurasian National University, Start Research Center Eurasia. Astana- Kazakhstan, E-mail: urzhamal61@mail.ru

алыну мүмкіндігі арқылы шежірелік дәстүрдің шегіне әкелді (оқиғаның қарапайым түрде өңделуі). «Тарих толқынында» (1999) кітабында Н.Ә.Назарбаев тарихшылдық қазақтың барлық уақытта сана-сезімінің ең маңызды бөлігі болғандығы туралы: «... қазақ болмысының ерекшелігі – оның тарихшылдығы. Қара халықтың тарихтан хабардарлығы мейлінше жоғары болған. Керек десеңіз, білім институттарының дамыған жүйесі бар бүгінгі күннің өзін бұрынғы қазақтардың санасындағы жаппай тарихшылдықпен салыстыруға болмайды...» [1, 31], – деп жазды.

Қазақ, кеңес тарихшысы В.П.Юдин ғылыми айналымға «тарихтану» терминін көшпелі этнос жайлы арнаулы деректік базасын белгілеу үшін енгізді. Басқа интерпретация – «ауызша тарихты» этнограф, өнертанушы, тарихшы, антрополог Ақселеу Сейдімбек ұсынды. Өзге де халықтың өкілдері ғылыми айналысқа далалық балладаларды «Ер Едіге», «Ер Тарғын», «Алпамыс», «Қобыланды батыр», «Батыр Баян», «Қозы-Көрпеш және Баян сұлу» және т.б. енгізді. Шоқан Уәлиханов, Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Мағжан Жұмабаев, Евгений Брусиловский, Александр Затаевич, Григорий Потанин, Әлкей Марғұлан, Сәбит Мұқанов халықтың тарихи өткенін, құқығын қорғап қалды.

Қазақ әдебиетшілерінің көмегімен дүниежүзілік әдебиет антологиясы қырғыздың эпосы «Манас», қалмақтың «Гэсэрі», скандинавиялық сагалар орыстың аңыздарымен қатар өмір сүріп келеді. Тура осылай қазақтың ауызекі дастандары және әндері, ертегілері, поэмалары және айтыстары көшпелі мәдениет пен менталитеттің бір бөлігінің вербалды құралдары болып табылады. Олар көтерген тақырыптар халықты толғандырды, нақты іс-әрекеттер жасауға ұмтылдырды. Соларға қарап өткен кезеңдерді, есімдерді және әміршілердің іс-әрекетін, жорықтарының бағытын және көршілермен байланысын қайта өңдеп жасауға болады.

«Вербалды тарих» таңбалық жылнаманы (түркі рунасы, латыншаны, кириллицаны) толықтырады. Бар қазынаны сақтау маңызды және лайықты деңгейдегі қалыпқа жеткізу қажет. Қазақтың рухани әлемі көбінесе дәстүрлі ауызша поэтикалық әрекеттермен қабатталып қалыптасады.

Біздің талдайтынымыз – Түрік қағанаты дәуірінің әдебиеті, ол тарихтың ерте қойнауынан басталатыны мәлім. Бумын қаған түркілердің басын қосып, Түрк қағанатын құрғаннан кейін түркілер бір ту астына топтала бастады, «Азияда қайтадан этногенез басталды. Тап

осы кезде Алтай тауларында түрк халқы, Бракмантура алқабында – тибеттер құралып, ал, Қытайда Сүй мен Таң әулеттерінің орта ғасырлық ғажайып мәдениетінің жаңғыру дәуірі басталды. Шығыс Азия тарихының ежелгі дәуірі аяқталуға жақындап, оның кеспірсіз сарқыншағы жужандар құрып кетуге тиіс болатын» - дейді Л.Н. Гумилев «Көне түріктер» атты еңбегінде [2, 98]. Ал, ғұндар мен үйсіндердің күйреуіне байланысты, түркілердің ежелгі дәуірі аяқталып та кеткен. Оларды енді орта ғасырлық күрделі күрес жолы күтіп тұрған. М. Мырзахметұлының «Түркістанда туған ойлар» кітабында жазылған «Қазақ халқының орта ғасыр тарихы V ғасырдан, дәлірек айтқанда, ертедегі түрк қағанатының құрылу қарсаңынан басталады» [3, 288] деген пікірінің мәні зор. Түрк қағанаты дәуірінен түрк халықтарының орта ғасырлық әдебиеті басталады.

Түрк қағанаты дәуірі бізге түрк тілінде, көне түркі алфавитімен жазылған, орасан мол мұра қалдырған дәуір болды. Ол дәуірден қалған ескерткіштер біздің азаматтық тарихымыз, тіл тарихымыз, әдебиет тарихымыз үшін сарқылмас байлық қайнары, «көне түркі тайпаларының жоғары тіл мәдениеті мен білім өресінің ауыз толтырып айтарлықтай көрсеткіші» [4, 70] болды.

Көне түркі ескерткішінен «екі жүзге жуығы тасқа қашалған, ондаған нұсқасы металл, күйдірілген саз балшықтан жасалған бұйымдарға ойылса, ағаш, сүйек сияқты заттарға» [4, 4] жазылғандары да бар. Осылардың ішінде барша түрк халықтарына ортақ әдебиеттің басы делініп жүргендері Орхон-Енисей жазбалары: «Күлтегін ескерткіші», «Білге қаған ескерткіші», «Тоныкөк ескерткіштері». Бұлар көлемі жағынан басқалардан үлкен болып қана қалмай, мазмұн жағынан да, бір дәуірдің тарихын жүйелі түрде бейнелеп бере алған кемелді шығармалар. Сондықтан, М. Мырзахметұлы көне түркі ескерткіштерін XV-XVII ғасырлардағы жыраулар поэзиясымен салыстыра келіп, жыраулық поэзия: «Біріншіден, кезінде ауызша туған, екіншіден, көлемі жағынан VIII ғасырдың мұраларын маңайлай да алмайды, үшіншіден, жанры, түрі жағынан мейлінше шектеулі, төртіншіден, тақырып мазмұн жағынан өте тар. Олардың бәрін жинағанда бір ғана «Күлтегінде» көрініс берген дүниелердің ширегіне де жетпейді» [3, 294], - деп көне түркі ескерткіштерін аса жоғары бағалайды.

Ә. Дербісәлин: «Түрк қағанаттары (VI–VII ғ.ғ) мен оған жалғас дәуірден жеткен VI–VIII ғасырлардағы жазба ескерткіштердің ең маңыздылары – Орхон-Енисей жазбалары. «Күлтегін», «Тоныкөк»

ескерткіштері құлыптасқа жазылған. Бұларды белгілі бір дәуірдің әдебиеті деуден гөрі әдеби немесе әдеби-жазба дәстүрдің өмір сүргендігінің белгісі, куәсі ретінде таныған орынды. Өйткені ешбір дәуірде, ешбір халық әдебиетін бір ғана зират тасына жазып шығармаған да, сақтамаған. Орхон-Енисей жазбаларымен тұстас (одан бұрын не сәл кейін) біздің дәуірімізге ешбір жазба өзге дерек жеткен жоқ» [5, 56], - деп түсіндіреді. Алайда, «мұндай көркем тәжірибе дәстүрі бірден туа салмаса керек», - дейтіні тағы бар. Автор сонымен бірге көне түркі ескерткіштерінің өзінен кейінгі әдебиеттермен де дәстүрлік байланыста болғанын теріске шығармайды.

Көне түркі ескерткіштерін оқудың кілтін ашқан В. Томсен мен В. В. Радлов та, кейін ескерткішті зерттеген А. Н. Кононов, А. Н. Самойлович, А. Габэн, С. Е. Малов т.б. – бәрі де бұл ескерткіштердің тілдік ерекшелігіне баса мән берген. И. В. Стеблеваның «Поэзия тюрков VI–VIII веков» атты еңбегінде «Орхон ескерткіштерінің» жанрлық ерекшелігіне поэзия ретінде талдау жасайды. Қазақ ғалымдары арасында Қ. Өмірәлиев, Ғ. Айдаров, А. Аманжоловтар тілдік тұрғыдан зерттесе, Б. Кенжебаев жазба әдебиеттің басы ретінде қарауды ұсынды. М. Жолдасбеков, Х. Сүйіншәлиев, Н. Келімбетов, А. Қыраубаева т.б. ғалымдар ілгерілі-кейінді бұл ескерткіштердің әдебиет тарихының басы ретіндегі мән-мағынасын түсіндіруге бағытталған еңбектер жазды. Әрине, аталмыш ескерткіштердің әдебиетіміздің тарихи қайнар көзінің бірі әрі бірегейі екені талассыз шындық. Ал ескерткіштердің жанры туралы поэзия деп қарайтын тенденцияның орын алуына қарамай, түркологияда бірлікке келген ортақ пікір жоқ.

Орхон ескерткіштерінің әдеби, тарихи мұра ретіндегі құндылығы (жанрлық ерекшелігі де соның ішінде), өзін тудырған тарихи дәстүрмен сабақтастыра қарастырғанда ғана толық анықталады. Алайда, ескерткіштердің қандай дәстүрдің жемісі екені, өзінен кейінгі дәуірлердің әдебиетіне қандай өнеге қалдырғаны туралы Қ. Өмірәлиевтің пікірлерінен басқа арнаулы сөз қозғалған жоқ.

Түрк қағанаты дәуірі әдебиетін ұлыстық ояну дәуірінің әдебиеті деп атауға болады. Оның себептерін түсіндіру үшін әуелі ескерткіштердің өзіне жүгінелік.

Күлтегіннің үлкен жазуы: «Жоғарыда көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласын басқаруға ата-бабам Бумын қаған, Естеми қаған отырған. Отырып, түркі халқының елін, заңын ұстай білген, иелік еткен. Төрт

бұрышының бәрі жау еді. Әскер жүргізіп, төрт бұрыштағы халықты көп алған, Қарусыз көк түркілерді осылай қоныстандырған екен» деп басталады да, «олар ақылды қаған еді, білгіш қаған еді. Бұйрықтары да білгір еді, өздері ер болған екен. Бектері және халқы түзу еді. Сол үшін елін сонша билеген екен...», - деп жалғасады.

Ғұндардың дәуірлеп тұрған тұсын немесе ғұн империясы мен үйсін күнбилігінің күйреген кезеңін айту, өз мақсаттары үшін шұбалаңқы болатынын ескерткіш авторлары жақсы білген. Себебі «ол жазуларды әділетсіз және шындықты айқындауды емес, өз мақсаттарына жетуді алдарына міндет етіп қойған адамдар құрастырған» [2, 336] ғой. Алайда, олар әділетті болды. Расында да шындықтың түбіне жетуді мақсат тұтпады. Сондықтан сөзді тарихтың өздерінің мақсаты (түрк халқын ояту) үшін қызмет ететін, ұрымтал тұсынан бастады. Өйткені, олар бүгінгі заманның кәсіпқой тарихшылары емес, өз заманының жанкешті саясатшылары еді.

Ескерткіштің басталуына қарап, Л.Н. Гумилев «Түркілер дүниенің басталуын VI ғасыр деп білді... Бұл арада бәрінен бұрын Орта Азиядағы құндық саты үзіліп қалған» [2, 340] деген қортындыға келген. Алайда бізге жетпегенімен түрк қағанаты тұсында түркілердің көне тарихына қатысты жазба деректер, шежіре, аңыздар болмады деп кесіп айтуға негіз жоқ. Қазір ғұндардың да, сақтардың да «көне түрк тілінде сөйлегені туралы болжам расталып келеді. Есік жазуының табылуы сақтар мен түркілердің жазу мәдениетінің сабақтас екендігіне мөлшер жасауға мүмкіндік береді. Олай болса, өз тарихына қатысты ескерткіштер жазу салты, түрк қағанатынан бұрын да болған. Алайда, ол ескерткіштердің көбі бізге жетпеді. «Руналық жазу текстерінің көп бөлігі ағаштарға жазылып, ол ағаштар шіріп кетті ғой» дейтін С. Е. Малов пікірін түрк қағанатынан бергі дәуірдің мұраларына ғана тәуелді деп қарамау керек. Түрк қағанаты тұсында «Қытай-түрк сөздігі» жасалған. Көне тарихтан келе жатқан, көшпелілердің ауызша шежіресі де ол тұста өткенін ұмыттыратындай емес еді. Оған заманымыздан бұрын туған Алып Ер Тоға туралы жоқтаудың Махмұд Қашқаридың тұсына дейін сақталып келуі-ақ дәлел.

Алғашқы түрк қағанаты құрылған дәуірде айналадағылардың бәрі де күшті, ал түркілер мейлінше әлсіз еді. Жужандардың өзі де оларды көзге ілмей, келемеждей қарайтын. Түрк қағанатының бел алып, күшеюіндегі ең басты себеп олардың жаужүрек ерлігі, онан да маңыздысы берекесіздік пен кіріптарлықтың зардабын әбден тартқан түркілердің берекеге ұйығандығы, «халқы түзу екендігі» еді.

Күлтегіннің кіші жазуында: «Өтукен қойнауында игі ие жоқ еді. Ел ұстайтын жер Өтукен қойнауы еді. Бұл жерде отырып табғаштармен дұрысталдым. Алтын, күміс, өнімді шексіз беріп жатқан табғаш халқы сөзі тәтті, қазынасы асыл еді. Соған алдандық. Түрк халқы өлдің, жойылдың...», – деп, алды-артын ойламай, жаудың алдауына түсіп, ел-жұрттың обалына қалған түрк бектерін және бейқам түрк халқын сөгіп алатыны бар. Алғашқы түрк қағанаты тұсында түркілер Азияның гегемоны дәрежесіне дейін жетіп жығылды. Фирдаусидің айтуынша, түркілер «Қытайдан (Шыннан) Жойқынның (Амұр) жағасына және Шаштың ар жағындағы (Ташкент) Гүлзарунға (Сырға) дейінгі жерді иелеп жатқан» [6, 33]. Ол тұстағы қытайлардың ішкі жағдайын, қытай әскербасы Лян Ши Дудың 620 жылы Чулоханға (Шығыс түркілердің ханы) жазған хатынан көреміз. Онда: «Чүнъ-анда¹ бүлік туып, ел бірнеше патшалыққа бөлінді. Бәрінің жағдайы бірдей, күштері аз. Сол себепті, бәрі де түркілерге бағынады», - деп жазған. Соған қарамай түркілер өздерінен әлдеқайда әлсіз табғаштардың алдында жеңілуге мәжбүр болды.

Л. Н. Гумилевтің берген мәліметі бойынша, Мұхан қағанның орнына отырған Тобахан, 578 жылы Қытайға шабуыл жасап, «Чжоу әскерінің күл-талқанын шығарады». Осы кезде «Қытай елшісі көл-көсір сыйлық тартып, Тоба ханның аузын алады». Алдауға түскен Тоба хан, 580 жылы қытайлармен келісімге келеді. Сол келісім салдарынан түркілер тарихтың алдына тартқан сыбағасынан айырылды. Егер Тоба хан соғысты сәтті жалғастыра білгенде, түркілер даланың дара билеушісіне айналар еді. Өйткені 576 жылы қытайлар өз ішінен бөлініп, Чжоу әулеті мен Ци әулеті аяусыз қырқысып, соның салдарынан Ци әулетінің күлі көкке ұшса, Чжоу әулеті де сырттай қарсыласын жеңіп күшейгендей көрінгенімен, ішкі жақта әбден титықтап қалған еді.

581 жылы Тоба хан өлгенде, қағандыққа өз ұлы Әмірақты емес, Мұхан қағанның ұлы Төременді көрсетеді. Әмірақ бұған келісімін бергенімен, Қара Ысты ханның ұлы Шету, Төременнің анасы ақсүйек емес екенін сылтауратып, Әмірақтың қолтығына су бүркіп, тақ таласын тудырып жібереді. Әмірақ жеңіске жетеді. Алайда халықтың көп бөлігі қарсы болғандықтан көп кешікпей тақтан түсуге мәжбүр болады. Көне түркілердің жосыны бойынша, жаңа шыққан қағанды халық тақтан түсірсе, егер қағанның халық алдында опасыздығы

¹ Қытайдың көне астанасы.

болмаса, халық оның бір тілегін орындауы керек. Әміраққа да бір тілек беріледі. Ол өз жақтасы Шетуді хандыққа көрсетеді. Бұл ойында, айласыз Төремен мен батыр әрі дәстүршіл Қарасор түркке қарсы атак құмар Шетуді қолдап, билікке таласқан топтың арасындағы жанжалға май құйып отырған қытай тыңшысы Чжаң Сұньшэн еді.

Сонымен Қарасор түрк, Әмірақ, Төремен, Шету төртеуі қағанат ішіндегі өз ықпалдары жүретін аумақты бөлісіп алады. Ұлы түрк қағанаты төрт иелікке бөлініп, оты сөнген ошаққа айналады. Оларға ерген елде берекеден кетіп, өзара жауыға бастайды. Қағанаттың ұлы тізгінін ұстаған Шету қытай империясына иек сүйеп, өз қарсыластарын ықтыруды ойлайды. Бұрын да «Қытайға бүйрегі бұрылып тұратындар қағанат ішінде тегіндер арасынан кездесетін». «Чулохоудың сұмдық мансапқорлығы тіпті қағанат Азияда басым болып тұрған кездің өзінде-ақ, оны қытайлармен жақындастыруға итермелегенге ұқсайды» [2,102], – деп тегін айтылмаса керек.

Рухани тұтастығына сызат түскен түрк халқы өзара тартысқан сұлтандардың соңына еріп сергелденге түсті. Соның салдарынан 584-586 жылдары түркілер Сүй империясының вассалына айналады.

Елден ырықтылықтың кеткені сонша, қытай тыңшысы «Жәңгір сұлтанды жетекші етіп, 597 жылы түрк қағанаты ішінен қытайшылдар партиясын құрып», Шығыс түрк қағанаты мен Батыс түрк қағанаты арасына сайтан отын жағады. Оның нәтижесі де қытайлардың күткеніндей болып шығады. 606 жылы Мохе хан бастаған телестер қағанаттан бөлініп кетті. Қағанат күн санап зауалға бет алып бара жатты. Таққа таласқан алакөз сұлтандар елді бодаусыз қырғынға итермелейді. Міне дәл осы кезде кім әлсіресе соған жақтас болып шыға келетін қытай тыңшыларының саудасы жүре бастайды.

Тек қағандар емес, ел де оңбай қателеседі. «Қағанатты бөлу ісі түрк халқының ерік-жігері мен талап-тілегіне қарсы бөтен күштердің, тіпті жаулық пиғылмен жүзеге асып жатқанына қарамай, бір кезде біртұтас болған елдің екі жартысының жолдары мейлінше әр түрлі болып» ел арасы алшақтай береді. Соның салдарынан ұлы қағанат ахиреттің табалдырығынан бірақ шығады. 630 жылы түркілер қытайлардан ойсырай жеңіледі. Шығыс түрк қағанаты да қытайларға бағынады. Тастағы жазуда бұл «Беглері, будұны түзсіз үчүн, інілі-еңілі кіншүртүстік үшін, бегіл-будұнлығ йоншүр түкін үчүн, түрк будұн елледүк учғұну ыдымыс» немесе «бектерінің біліксіздігінен, халқының азғандығынан, табғаштардың тарту-таралғысы мен тәтті сөзіне

алданғандығынан елдіктен айрылдың, табғаштарға бағындың, пәк қыздарың күң болды, бек ұлдарың құл болды» [7, 172] деп беріледі.

Ескерткіш авторлары осындай қоғамдық өзгерістердің себебін қапысыз танып, жеткізіп айта білді. Оны осы заман ойшылдары да терістей алмайды.

Л.Н. Гумилев «Қытайлар оқиғалардың мәнін ой елегінен өткізбей, оларды мөлдіретіп тізе берді. Сол себепті де ғылыми ыңғай тұрғысынан қарағанда, олар тіпті Йолығ-тегиннен де төмен тұрады», – деп, ескерткіш авторларының сұңғыла көрегендігіне тәнті пікір білдіреді. Л. Н. Гумилевтің ықыласын аударған ескерткіштегі: «Түрк халқы елдігінен айрылды, қағандық қағанынан айрылды, табғаш халқына бек ұлдары құл болды, пәк қыздары күң болды, түрк беглері түрк атын тастап, табғаш беглерінің табғаш атын алып, табғаш қағанға бағынды. Елу жыл күш-жігерін жұмсады» [8, 100], – деп қайғылы оқиғаны ашына, күйіне отырып еске салуы еді.

Ескерткіште: «Түрк қара камуғ будүн анча тіміс: «Ілліг будүн ертім, ілім емті қаны? Кімге іліг қазғанурмын?»-Ті ерміс. «Қағанлы будүн ерім, қағаным қаны?! Не қағанға ісік-күчік бірүрмен?! Тір ерміс. Анча тіп, табғаш қағанқа йағы болмыс. Йағы болып, ітіну йаратуну умадүк, йаны ічікміс. Бұнча ісіг-күчіг біртүкеру сақынматы. Түрк будүн: өлүрейін, уруғ сыратайын»,-тір ерміс, йсқаду барыр ерміс. Vзе түрк тәңрісі, түрк ыдук йірі-субы анча тіміс: Түрк Будүн йоғ болмазүн тійін Будүн болчун тійін... Қаңым Ілтеріс қағанығ, өгім Ілбілге қатұнығ теңр тепесінте тұтып, йегеру көтерміс ерінч...», – деген сөздер бар. Л. Н. Гумилев те, Қ. Өмірәлиев те бұл сөздер 679 жылғы түрк халықтарының «Нишуви кнйязды хан көтеріп» [9, 79] жасаған көтерілісін бейнелейді деген тоқтамға келеді. Бұл көтеріліске қағанаттың 24 аймағы түгел қатысқан дейді. Көтеріліс қытай әскері жағынан жанышталғанына қарамай, түрктердің көзін ашып кетеді. Сондықтан да «Түрк тәңрісі, түрктің қасиетті жер-суы түрк халқы жойылмасын деді, ел болсын деді», – дейді. Құтылық Елтерс қаған халықтың осы арман, мұратын арқалап тарих сахнасына шықты. Ескерткіште онан ары Құтылық қағанның тозған елдің басын қосып, ел еткен ерлігі, ол өлгеннен кейін ағасы қаған болғаны, ағасы екеуінің тізе қоса отырып, елді көбейтіп, байыту үшін ілгері Жасыл өзенге, Шантоң жазығына, кері Темір қақпаға дейін барғаны, Көгімен тауларынан асып, қырғызға дейін шабуылдап, жауларын жеңіп, бөлінген туыстас түрк тайпаларының басын қосқан ерлігі айтылады. Қыдырқан қойнауынан Кенгутарбанға дейінгі жерлерді түрк халқына

алып бергенін, құл құлды, күң күнді болғанын асқақ сезіммен сөз етеді. Ол осы ерліктерін мәңгі тасқа жаздырудағы мақсаты мен себебін: «Айтар сөзім болса мәңгі тасқа жаздым, бұған қарап білің, түркінің ендігі халқының бектері! Таққа құмар бектер, сіздер жаңыласыздар ғой», - деп нақтылай түседі.

Білге қаған бұл жетістікке ел ішіндегі бірлікті күшейту, ішкі - сыртқы саясатта икемді болуы арқасында қол жеткізеді. 716 жылы түрктің тағына отырған Моглиян (Білге қаған) мейірімді де, икемді саясатшы болғаны анық. Әуелі Қапаған қағанның ел ішінде бүлік тудыруға мұрындық болған ақылшыларын жояды. Тоныкөкке «Тархандық байла бағасы шенімен мемлекеттік кеңестік қызметін қайтарып берді». Осы арқылы ол қағанаттағы жоғары жіктегілердің бір ауыздылығына қол жеткізді. Моглиян (Білге) қаған таққа шыққан кезде түрк халқы қытай боданына айналып, әбден әлсіреп, титықтаған күйде еді. Білге қаған мейірімділігі мен кеңдігі арқасында Қапаған қағанның қаталдығынан ыдырай бастаған түрк халықтарының басын біріктірді. «Қытайға беріліп кеткен телес тайпалары» (Гумилевтің мәліметі бойынша) Білге қаған таққа шыққан соң түрк қағанатына қарасты өздерінің туған жерлеріне қайта орала бастаған. Білге қаған «өздерінің жер суын тастап, табғаштарға берілген» тоғыз оғыздарға, табғаш халқының «оларды қылмысқа азғырғанын», өзінің тоғыз оғыз халқын «ардақтайтынын» және нағашысы – ханнан қуғынға ұшырағандарды жазаламайтындығын жариялады». Таң империясымен келісім жасасуды көздеді.

Ол соғыста ержүректік танытты. 720 жылғы қытайлар мен басымдардың 300 мың әскермен бірлесіп жасаған шабуылын оңдырмай тойтарған соң, қытайлар да түрктермен байқап-байқап сөйлесу керек екенін түсініп үнсіз келісімге келеді. Осының нәтижесінде «722-24 жылдар арасында» ел іші бейбіт, тыныш болады.

Білге қаған ішкі саясатта «жолберушілікті» кеңінен қолданады. Егер ол қаталдық істесе, туыстас тайпалардың Қапаған қаған тұсындағыдай берекесіздікке ұрынуы, тіпті қағанаттың ең негізгі жауы саналатын Таң империясы жағына шығып кету қаупі де бар еді. Қаған үшін онан гөрі бөлек хандықтар болып тұрса да, түрк халықтарының өзара жақындасып, бауыр баса беруі пайдалы болатын. Осыны жақсы білген қаған: «он оқ халқының» (түркештердің) дербес ел болып отырғанын мойындаса да, оларды «Түркеш қағаны түркіміз (өз халқымыз) еді», - деп қарайды. Ескерткіштегі аз халықты көп еттім,

өлімші халықты тірілттім дейтін жолдар осындай тарихи шындық негізінде туғаны даусыз.

Күлтегін ескерткіші 732 жылы, Білге қаған ескерткіші 735 жылы қойылған. Тастағы жазулар жұрт тағдыры қыл үстінде тұрған тұста халықты ояту мақсатымен жазылған. Бумын қағаннан бергі тарихты жақсы білетін ескерткіш авторлары, түрк қағанатының «Чжоу салық жарнасын төлеуден бас тартқан кезде, бұрынғы жағдайдың қалпына келуі үшін түркілердің әскермен сес көрсетіп, ... империя бітім салығын төлеймін деп күллі қазынасын сарыққан» күш-қуатынан қытай жансыздарының іштей ірітуінің нәтижесінде айырылғанын, қағанат екіге бөлініп өзара жауласудан күйреп, қытай империясына бағынышты болғанын өте жақсы түсінген. Өткен-кеткен істерді тәптіштей баяндауына қарағанда, осы трагедияның қайталануына алаңдап, елді береке-бірлікке шақырғаны байқалады. Өйткені Білге қағанның, Күлтегіннің, Тоныкөктің мақсаты – қағанатты қалпына келтіру еді. Шынында да ол кезде Қытайлар түрк қағанатын күйрету ниетінен бас тартатындай емес еді. Сондықтан Білге қаған мен Күлтегін өлген соң 742 жылы Таң империясы түркілерге қарсы соғыс бастады.

Білге қағанның тірі кезінде-ақ, түркілердің рухани тұтастығына сызат түсе бастағанға ұқсайды. Қытай империясының көздегені көшпелілерді идеологиялық бағытынан адастырып, рухани жұтандыққа ұрындыру, сенімінен айыру арқылы олардың дербес ел ретіндегі даму жолын тосу еді. Қытайлар түркілердің арасына будда дінін күштеп кіргізу саясатын да қолданды. Түрк қағандарының қытайдағы будда дініне қарсы күштермен ынтымақтасуға тырысатыны, қытайға барған ханзадалардың буддизмнің ықпалына ұшырамауын қамтамасыз етуге жанын салатыны содан болар. Білге қаған тұсында да бұл қайшылық қытай түрк арасындағы идеология саласындағы басты қайшылық болғанын ұмытпау керек.

Түркілердің дербес идеялық бағыты болғанына, Тоныкөктің қытай мәдениетіне ата дәстүрін қарама-қарсы қоюына қарамастан, өзін тануда нағыз дәстүршіл түркілерден пікір алшақтығы көрініп қалады. Оны біз Күлтегін ескерткіші мен Тоныкөк ескерткішін салыстыру арқылы байқаймыз. Екеуінде де түрк қағанатының өзін бекемдеу жолындағы күресі суреттелген, жеңістер жырланған. Алайда Тоныкөк ескерткішінде бұл дана Тоныкөктің сіңірген еңбегі есептеледі, Білге мен Күлтегін ескерткішінде тікелей тәңірдің әмірі мен өздерінің тырысуы арқасында жеткен жетістік ретінде суреттеледі. Осыған қарап

Л. Н. Гумилев «Тонькөк субъективті идеалист, Йолық тегін құдай адамы», - деп түсінеді. Білге қаған ескерткіші мен Күлтегін ескерткіші «тәңір тек тәңір жаратқан немесе «биікте көк тәңірі төменде қара жер жаралғанда деп басталады. Тонькөк ескерткіші мүлде басқаша беташармен – тікелей өзін мақтай таныстырумен басталады.

Тастағы жазу Білге қағанның, Тонькөктің, Күлтегіннің бастарына қою үшін ғана жазылмаған, қайта олардың ерлік істерін мадақтау арқылы елдік, бірлік тәрбиесін тарату мақсатында жазылғаны айқын. Ескерткіштегі сөздер түркілердің тегін ұлағаттау арқылы, олардың ешкімге бағынышты болуға тиісті емес, бірлессе алмайтын жауы жоқ қаһарман халық екенін еске салу арқылы, жұрттың намысын жанып, әруағын қоздырудан басталады. Дүниенің басталуын Бумын қаған мен Естеми қаған кезінен бастайды (олар ол кезде ел есінен шыға қоймаған барша түріктердің ұраны болса керек). Онан бұрынғы басқаларға бағынышты болған тарихты еске салып, жұрт рухын жасытқысы келмеген тәрізді. Кейінгі жеңілістердің себептерін де, көбіне қағандарға аударып айтады.

Жер мен көктің арасындағы барша адамзатты басқаруға, ата-бабам Бумын қаған, Естеми қаған отырыпты дегенде, ескерткіш авторы түркілердің белгілі территорияға ғана ие екенін жақсы білген. Сөйте тұра өз мақсаттары үшін оларды бүкіл әлемнің қожасы етіп суреттеген.

Ескерткіштерде кейінгі түрк қағанатының әлсіреу себептері нақты тарихи тұрғыдан талданады. Өйткені ондағы басты мақсат түрк халқының табғаш қағанына бағынған себебін, сол кіріптар заманның тақсіретін ашып көрсету, сол арқылы, халықты ендігері теріс жолға түсуден сақтандыру. Кейінгі қағандарға ел ұстаудың жол-жосығын уағыздау. Сол үшін алдымен өзі мадақтап отырған қағандар туралы «Білге қаған ерміс, «Алып қаған ерміс», -деп олардың мықтылығын айтады. Ол кездегі елдің «Беглері йеме бұдуны йеме түз ерміс», - деп, елдің берекелі, түзу болғанын ескерте кетеді.

Олар түркі халқының қара түнек тұңғиықтан құтылып шыққанын ғана емес, ендігі болашағына тағы ыдырау қаупі төніп тұрғанын да жете түсінген. Елді оятып, болашағын құтқарудың жолын іздеген. Сондықтан, бұл жазбалардан елдік, бірлік идеясы күшті орын алған. Осындай елді береке-бірлікке шақыратын ойлар, кейінгі ұлттық ояну дәуірінің ойшылдары Д. Бабатайұлы, А. Құнанбаев, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов шығармаларынан да кездеседі [10, 33].

Ұлыстық ояну дәуірі әдебиетінің өзінен бұрынғы дәуірлердегі әдеби мұралармен қандай байланысы болды, ортақ жері бар ма? Болса ол не? Бұл сұрақтарға жауап беруге көне дәуірдегі әдеби мұралардың көбі бізге жете бермегені, жеткендерінің басқа ұлттардың жазбалары арқылы жеткендігі мүмкіндік бермеді. Солай бола тұрса да түрк дәуірінен қалған тас ескерткіштердің өзінен бұрынғы дәуірлерден қалған әдеби нұсқалармен қалайда байланысы болмауы мүмкін емес, бұл байланыстың қандай болғанына аналогия жасауға мүмкіндігіміз бар. Бақташы Шырақ, Томирис, Мөде тәңірқұттарға байланысты жазба аңыздар сияқты, Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк ескерткіштері де өз елі үшін күрескен ерлердің ерлік ісін баяндайды. Тақырып жағындағы бұл ұқсастық, отан сүйгіштік пен ерлікті қадір тұту дәстүрі, ежелгі дәуірден басталып, түрк дәуіріне дейін үзілмей жалғасын тапқандығынан болса керек. Дегенмен барлық халықтардың көне тарихы туралы бұл жалпылық сипат алып кетеді. Алайда, ғұндар дәуіріндегі эпистолярлық жанрлармен салыстырып қарайтын болсақ, олардың арасындағы сенім ортақтығын байқаған болар едік.

Күйік тәңірқұттың Хан Уди патшаға жазған хаты: «Көк тәңірі мен жер тәңірі өмір берген ұлы ғұн тәңірқұты», - деп, Хан Удиға жазылған Мөде тәңірқұттың хаты: «Көк тәңірі қолдаған ұлы ғұн тәңірқұты», - деп басталатын. Ал Білге қаған ескерткіші: «Тәңір тек тәңір жаратқан түрк Білге қаған» деп, Күлтегін ескерткіші: «Жоғарыда көк тәңірі, төменде кара жер жаралғанда», - деп басталады. Ғұндар дәуіріндегі хаттардан тәңірлік діннің алғашқы белгілерін көретін болсақ, түрк қағанаты тұсындағы ескерткіштерден жалғыз көк тәңіріне сенетін бір тәңірлік діннің орныққан сенімін табамыз. Соңғысы алдыңғысының жалғасы, дамыған, жетілген түрі іспеттес. Бұл арада Қ. Өмірәлиевтің «Түркі халықтарында Орхон ескерткіштерімен бірге туған хат, жарлық сөз жанры VIII ғасырға дейін де болды. Ал, «Тоныкөк» пен «Күлтегінде» осы жанрлық сөз стилі біршама сақталған» [9, 79], – деген пікіріне жете мән берген жөн.

Кез келген дәуірдің әдебиеті туралы сөз болғанда, ол әдебиеттің өзінен бұрынғы дәуірлердің әдебиетінен қандай өнеге алғанына ғана емес, өзінен кейінгі әдебиетке қандай үлгі қалдырғанына да баса назар аудару керек. Орхон ескерткіштерінің өзінен соңғы дәуірлердің әдебиетімен дәстүр жалғастығы зерттеліп келеді. Бұл туралы А. Егеубай, Н. Келімбетов, М. Әліпхановтардың еңбектерін атауға болады. Осы ескерткіштерді поэзия деп қараған ғалымдар кейінгі түрік поэзиясымен салыстырады. Ескерткіштерде ішінара өлең жолдары да,

желдірте айтылатын тақпақ формасындағы, өлең стиліндегі баяндаулардың да бар екені даусыз. Бұны осы ескерткіштер тілін арнайы зерттеген Қ. Өмірәлиев те жоққа шығармаған. Дегенмен мұндай белгілердің кездесуі тұтас ескерткіштің жанрлық сипатын белгілей алмайды. Сол себепті бұл ескерткіштерді өлең ретінде қарап, оларды кейінгі дәуірдің поэзиясымен салыстырудан, ескерткіштердің жанрлық сипаты да, кейінгі заман әдебиетімен болған сабақтастығы да анықтала қалуы екі талай. Әдебиет тарихын зерттеуде кез келген әдеби нұсқаның әуелі жанрын анықтап алып, сонан соң кейінгі дәуірлердегі сондай жанрдағы шығармалармен салыстыру керек.

Орхон ескерткіштері өлең аралас қарасөзбен жазылған, шежірелік сипаттағы прозалық шығарма. Стили жағынан осылай болғанымен мәні жағынан ұрпаққа жолданған хат. Ол ескерткіштерді «Жамиғ-ат-тауарих», «Шайбани-нама» сияқты шежірелермен, сондай-ақ, кейінгі дәуірдегі хандардың хаттары, бұйрық-жарлықтарымен салыстырған жөн.

Орхон ескерткіштері тарихи шежіре, сол сипатымен хандар шежіресіне өте жақын. Қ. Өмірәлиев: «Бұл ескерткіштер өзінің жазылу стилі жағынан, бергі «Алтын орда» дәуіріндегі, XV–XVI ғасырлардағы шежірелер мен хан жарлықтарын еске түсіреді» дейді. Күлтегін ескерткішінің «Тәңір тек тәңірде болмыш түрк Білге қаған бу өдке олурдым, сабымын түгеті есідгіл» деп, Моғлиян хан ескерткішінің «тәңр тек тәңрі йаратмыш түрк Білге қаған сабым» деп басталуы, «XIV–XVI ғасырлардағы хан жарлықтарына, хаттарына ұқсас. Айталық, Тоқтамыстың хаты»: «Тоқтамыш сөзүм йағайлаға» деп басталады. Ал, Күлтегін кіші жазуы «улайу інігүнім, оғыланым, бірікі оғушым, будұным, біріе шад-апыт беглер, йырайа тарқат-бұйурук беглер, отуз... тоғуз оғуз беглері, будуны...» деп игі-жақсыларын санаумен басталады. Осы үлгіні «ұлуғ ұлусының оң қолының уа сол қолының түмен, мың, йүз, он білкін оғланлар, билер және ішкі кентлерінің уа шаһарларының даруға беглері...», - деп, басталатын Дәулеткерей жарлығынан да көреміз. Ескерткіштердің аяқталу тәртібі де Алтын Орда дәуіріне дейін сақталған. «Білге қаған бітігін Иолығ тегін бітідім...» деп аяқталатын, Білге қаған ескерткішінің аяқталуы, «... өзүңүз білүрсіз тіп бітік сәлем үйрдік, йыл бічін, Орда йағасында бітілді», - деп аяқталатын, 1428 жылғы ұлығ Мұхаммед ханның жарлық хатымен өте жақын» [9, 30], - дейді. Ендеше, VII–VIII ғасырларда әлдеқашан қалыптасып, Алтын Орда дәуіріне (қазақ хандығы тұсына) дейін жалғасқан, осы ескерткіш, хат, жарлық жазу

стилі, көне әдебиет пен таяу заман әдебиетін жалғап тұрған алтын арқау.

Түрк дәуірінің әдебиетіне Орхон бойындағы, Енисей аңғарындағы жазба ескерткіштер, «Ырық бітігі» тектес бал ашу кітаптары т.б. кіреді.

Қорыта келгенде, Түрк қағанаты дәуірінің әдебиеті ұлыстық ояну дәуірінің әдебиеті болды. Оның негізгі ерекшелігі түрк халқының ерлік жолдарын баса дәріптеу. Ол әдебиетте ұлттық патриоттық сезім мейлінше күшейген. Себебі, біріншіден, ол тұста түрк халықтарының табғаштардың езгісінен құтылғанына ұзақ болмаған, олар басқаға бағынышты болудың зиян-зардабын ұмыта қоймаған. Екінші Азияда әр түрлі діндердің таралуы, түрк халықтарын тәңірлік діннен бездіріп, діни сенім жақтан бөлшектену қаупі туған. Ескерткіш авторлары осындай тозғындаудан халықты сақтап қалуды көздеген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. Ә. *Тарих толқынында*. Алматы. Атамұра, – 2003. – 288 б.
2. Гумилев Л. Н. *Көне түріктер*. Алматы, Білім, 1994. – 486 б.
3. Мырзахметұлы М. *Түркістанда туған ойлар*. Алматы, Санат, 1998. – 368 б.
4. Аманжолов А. *Түркі филологиясы және жазу тарихы*. Алматы, Санат, 1996. – 127 б.
5. Дербісәлин Ә. *Көне әдебиет және оның зерттелуі*. Қазақ әдебиеті, №14, 1983. 8-б.
6. Стеблева В. *Поэзия тюрков VI – VIII веков*. Москва, 1965. – 280 стр.
7. Жолдасбеков М. *Тастар сөйлейді*. Астана, Фолиант, 2002. – 194 б.
8. Айдаров Ғ. *Күлтегін ескерткіші*. Алматы, Ана тіл, 1995. – 232 б.
9. Өмірәлиев Қ. *VIII – XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері*. Алматы: Мектеп, 1985. – 242 б.
10. *Отырар кітапханасы сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры*. №25 дәптер, –18-б.

МАЗМҰНЫ, CONTENTS

ҒАЛЫМ ЖОЛЫ		
Танауова Ж. (Түркістан) Tanauova Zh. (Turkistan)	С.Ж.Құдасов: Армян жазулы қыпшақ ескерткіштерін зерттеу Қазақстанда ғана емес, әрісі әлемдік түркологияда, берісі Кеңес Одағында кенжелеп дамып келе жатқан ғылым саласы	3-20
ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ		
Құдасов С. Ж. (Түркістан) Kudasov S.J. (Turkistan)	XVI-XVII ғғ. армян-қыпшақ тіліндегі сот жазбалары Acts of Books on Armenian-Kypchak Languages in XVI-XVII Centuries	21-29
Боргояков В. (Қызыл) V. Borgoyakov (Kyzyl)	Диалекты хакасского языка. Современное состояние Dialects of the Khakass Language. Current State	30-34
Мамырбекова Г.М. (Алматы) Mamyrbekova G.M. (Almaty)	Бірнеше нұсқада танбаланып жүрген діни атаулардың әдеби тілдегі нормасын тұрақтандыру мәселесі The Issues Regarding to Shape of Several Optioned Religious Words in the Literature Language	35-45
Küçükmehtemetoğlu Ö. (İstanbul)	Başkurt Türkçesinde Isimden Isim Yapım Ekleri ve Bu Eklerin Şekil Bilgisi Açısından İncelenmesi Announcement of name Installations in the Baskurt Language and an Investigation From this Annex	46-51
Petek E. (Turkistan)	Yakutça 3. Teklik Şahis Zamiri “Kini” üzerine On the Third-person Singular Pronoun “Kini” in Yakut Language	52-55
Темирболатова А. И. (Ставрополь) Temirbolatova A. I. (Stavropol)	Малочисленные языки Северного Кавказа и перспективы их развития в период глобализации Small languages of the north Caucasus and the Prospect of Their Development During Globalization	56-66
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР		
Сивцева-Максимова П.В. (Якутск) Sivtseva-Maximova P. V. (Yakutsk)	Послание А.Е. Кулаковского «Якутской интеллигенции» в контексте его научного и литературного наследия A. E. Kulakovsky's Epistle named "The Yakut Intellectuals" in the Context of His Scientific and Literary Heritage	67-75
Әліпхан М. (Шымкент) Alipkhan M. (Shymkent)	«Дана Хикар» ғибраты Wise Hiqar words	76-84

Конунов А. (Горно-Алтайск) Конупов А. (Gorno- Altaisk)	Поэтика и стиль вариантов эпоса «Алтай-Буучай» Poetics and style options epos "Altai-Buuchay"	85-105
Мәсімханұлы Д. (Астана) Masimkhanuly D. (Astana)	Қытайдағы түркология ғылымының зерттелуі State of Turkological Researches in China	106-118
Примкулова Г.Ж. (Түркістан) Primkulova G. Zh. (Turkestan)	Қазіргі отандық зерттеулердегі дәстүрлі материалдық мәдениеттің этнографиялық аспектілері Ethnographic Aspects of Traditional Material Culture in the Modern Domestic Research	119-129
Алменбетова У. А. (Астана) Almenbetova U. A. (Astana)	Жазба деректер бойынша Түрік қағанаты дәуірінің зерттелуі The Inscription Kaganats the Epoch Turk on Facts Study	130-143

БАЙЛАНЫС

Түркология ғылыми-зерттеу институты

Түркістан/ҚАЗАҚСТАН

e-mail: turkology.institute@ayu.edu.kz

Басылым: Ахмет Ясауи университетінің «Тұран» баспаханасы

Редакцияның мекен-жайы:

161200, Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласы

Бекзат Саттарханов даңғылы № 29

Телефон. 8 (72533) 3-35-36

Журналдың электрондық нұсқасын www.ayu.edu.kz сайтынан оқуға болады.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның
көзқарасын білдірмейді.

Техникалық редактор Ж.Танауова

Көлемі 70x100 1/16. Қағазы офсеттік. Шартты баспа табағы 11,5.

Таралымы 500 дана. Тапсырыс 630.